



Кәсіпкерлікке қол созам десеңіз...

2



Тұтынушылар құқығы қалай қорғалады?

4



Денсаулық және өмірлік дағдылар

5



Рахат рекорд жаңартты

6

Кеше Н.Бекежанов атындағы облыстық казак академиялық музыкалық драма театры облыс әкімі Қуанышбек Досмайыұлы Ысқақовтың халық алдындағы алғашқы есепті кездесуі өтті. Кездесуде аймақ басшысы облыстың 2019 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары мен алдағы міндеттерді баяндады.

ҚР Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы Ұлан Сарқұлов, жергілікті атқарушы органдар, мәслихат депутаттары, саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдар, еңбек ұжымдары мен БАҚ өкілдері, тұрғындар қатысқан кездесуде облыстың жетістіктері жан-жақты сараланды. Өткен жылы жұртшылықтан түскен ұсыныс-пікірлердің орындалуы бейнеқорсеткім арқылы жеткізілді.

Облыс әкімінің есепті кездесудегі баяндамасы толық нұсқада ұсынылып отыр.



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газеті

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

20 ақпан, БЕЙСЕНБІ 2020 жыл



№26 (19902)

КЕҢЕСТІ ЖЕРДЕ КЕМДІК ЖОҚ, ТАТУ ЕЛДЕ ТАБЫС КӨП

ОБЛЫС ӘКІМІ Қ.Д.ЫСҚАҚОВТЫҢ ЕСЕПТІ КЕЗДЕСУДЕГІ БАЯНДАМАСЫ



салаларға, әсіресе, мұнайшылардың тапсырыстарын орындайтын мұнай сервистік кәсіпорындардың қызметіне тікелей немесе жанама түрде әсер етуде.

Тек соңғы жылы ғана мұнай өндіру 830 мың тоннаға (13 пайызға), ал, соңғы 7 жылда 5 млн тоннадан астамға, яғни, 2 есеге азайды.

Өйткені, жұмыс істеп тұрған кен орындары сарқылуда.

Бұндағы мәселе, екі есе қысқарған бюджеттің едәуір шығындары (2013 жылмен салыстырғанда Ұлттық қорға түсетін салық көлемі 2019 жылы 322 млрд теңгеге төмендеген (45%) ғана емес, ең бастысы – жаппай қысқарту қаупі.

Тек мұнай-газ саласында ғана шамамен 15 мың адам жұмыс істейді. Бұл бізді өте алаңдатады.

Сондықтан, жаңа мұнай кен орындарын игеру, осы салаға жаңа технологияларды енгізу, газ өндіру мен өңдеу – біз үшін өте өзекті мәселе. Қазіргі таңда, оларды шешуге жұмыс жүргізудеміз. Оның үстіне, мұнай-газ саласын дамытуға, бізде болжам бойынша жерасты байлығының резерві бар.

Бірақ, ол кемінде 5 мың метр тереңдікте орналасқан. Өздеріңіз білетіндей, қазіргі мұнай операторлары негізінен 2 мың метрге дейінгі тереңдікте жұмыс істеуде.

2019 жылдың ақпанында Тұңғыш Президентіміз - Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың төрағалығымен өткен Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында Қызылорда облысын дамыту мәселелері қаралған кезде, осы саланы дамыту, жаңа кен орындарын барлау, газ өндіру және өңдеу мәселелерін үлкен блок етіп көтердік.

Қызылорда облысының кешенді дамуына қатысты осы және бірқатар мәселелер Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген 2019-2022 жылдарға арналған облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспарына енгізілді. 2020 жылы Шу-Сарысу шөгінді бассейнінде мұнай-газ перспективалы құрылымдарын анықтау мақсатында жер қойнауын зерттеу жұмыстарын жүргізуді бастаймыз.

Біз үшін бұл – мұнай-газ саласын дамыту мәселесіндегі елеулі өзгерістер.

Өте қымбатқа түсетін жұмысты бастау үшін биыл республикалық бюджеттен 600 млн теңге қарастырылып отыр.

2, 3-беттер.

Құрметті жерлерестер!

Бүгін облыс әкімі ретінде Сіздердің алдарыңызда алғаш рет есеп бергілі отырмын.

Өткен жыл еліміз үшін толағай табыстарға, тарихи оқиғаларға толы болғанын жақсы білесіздер.

Тәуелсіз еліміздің негізін қалаушы, Қазақстанның Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз өкілеттігін тоқтатты.

Маусым айында өткен бәсекелі сайлауда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жеңіске жетті.

Еліміздің Президенті өзінің «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында «Қазір бізге Тәуелсіздіктің жетістіктерін есептеп, елімізді дамыдың жаңа сапалы кезеңіне шығару мүмкіндігі беріліп отыр.

Біз оған Елбасы саясатының

сабақтастығын сақтап, жүйелі реформалар жүргізу арқылы қол жеткізе аламыз», – деп, мақсатымызды айқындап, міндетімізді белгілеп берді.

Қадірлі қауым!

Мамыр айында Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қызылорда облысына жасаған алғашқы жұмыс сапарында Сыр өңірінде атқарылып жатқан істерге өз ризашылығын білдіріп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму динамикасына оң бағасын беріп кеткені белгілі.

Өздеріңіз білетіндей, жыл басында өткен жылдың қорытындысын шығарып, алда атқарылар жұмыстардың жоспарымен таныстырып, есеп беру әкімдердің міндетіне айналды.

Тіріліктің күші бірлікте екенін тағы бір дәлелдеп, 2019 жылды табысты аяқтадық.

Атқарылған жұмыстардың егжей-тегжейлі көрсеткіштері бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды. Алдымен, кейбір көрсеткіштерге қысқаша тоқталайын, өйткені, жыл ішінде атқарған жұмыстардың нәтижелерін сандар бойынша бағалаған дұрыс болар.

Жыл қорытындысымен, жалпы экономикалық дамудың 7 көрсеткіші бойынша Қызылорда облысы үздік 8 облыстың қатарына кірді. Бұл жөнінде биыл 24 қантарда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында еліміздің Премьер-Министрі Асқар Ұзақбайұлы Мамин атап өтті.

2019 жылы облыс экономикасына 400 млрд теңгеден астам инвестиция салынды. Бұл 2018 жылға қарағанда 17,4 пайызға артық. Инвестициялар өсімінің қарқыны бойынша жоғары өсу динамикасы бар үздік 4 өңірдің ішіндеміз.

Бұл – біз бен сіздің бірлескен жұмысымыздың нәтижесі. Өсім мемлекет бюджеті қаражатының есебінен емес, кәсіпорындардың өз қаражатының негізгі капиталына салымдардың өсуі есебінен (26%-ға) қамтамасыз етілді.

Бүгінде барлық инвестициялардың 80 пайызы солардың үлесінде. Инвестициялардың өсуімен облыстағы құрылыс жұмыстары 54 пайызға (146 млрд теңге), тұрғын үйді пайдалануға беру көлемі 8,8 пайызға артты.

2019 жылы өңірде 760 мың шаршы метр тұрғын үй көлемі пайдалануға берілді.

Өңдеу өнеркәсібінде өнім өндіру көлемі 1,3 пайызға, ауыл шаруашылығында – 4,3 пайызға, жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 9,3 пайызға (46297 бірлік) өсті.

Бағаның біршама өсуіне (105,4%) қарамастан, бөлшек тауар айналымы

өң динамикасын көрсетті (101,5%). Бұл халықтың сатып алу қабілетінің артқанын білдіреді. Жалақы мен (108,4%, 147496 теңге), халықтың нақты ақшалай кірісі индексінің де (105,9%, 77878 теңге) өскені байқалады.

2019 жылы электрмен жабдықтау қызметтеріне тарифтерді (0,3 пайызға, 15,49 теңгеден 15,44 теңгеге дейін) төмендетуге қол жеткіздік, жылумен жабдықтау қызметтеріне тарифтер 1,2 пайызға (35,16 теңгеге, 2834,82 теңгеден 2799,66 теңгеге дейін), сумен жабдықтау тарифтері 12 пайыздан астам (5,85 теңгеге, 47,31 теңгеден 41,46 теңгеге дейін) және су тарту қызметтеріне тарифтер 13,5 пайызға (5,85 теңгеге, 47,31 теңгеден 41,46 теңгеге дейін) төмендеді.

Өкінішке қарай, 2012 жылдан бастап мұнай өндірудің төмендеуі үдерісі сақталып отыр, бұл өнеркәсіп өнімін өндіру көрсеткішіне ғана емес (2018 жылдың деңгейіне 89,3%), барлық

МЕРЕЙ

Әріптестері құрметпен шығарып салды

Басқа қызметке ауысуына байланысты Олжас Акимов облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы лауазымынан босатылды. Облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов төрағалық еткен жиынында әріптестері оны құрметпен шығарып салды.

Назерке САНИЯЗОВА.

– Олжас Азатұлы өзін іскер, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, білімді де білікті басшы ретінде көрсете білді. Саланы дамытуға қосқан үлесі үшін өткен жылы Президент Жарлығы бойынша «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Жинаған мол тәжірибесін жаңа қызметте пайдаланады деп сенім білдіремін, – деді аймақ басшысы.

Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жолындағы елеулі еңбегі үшін облыс әкімі оған Қызылорда облысының Құрмет грамотасын табыстады.

О.Акимов жетекшілік жасаған екі жылдан астам уақытта Сыр өңірінің спорт саласы биік белестерді бағындырды. Спортшылар былтыр ел чемпионаттарында – 1457, Әлем және Азия чемпионаттарында 170 медаль олжалады. 578 спортшы Ұлттық құрама сапына енді. «Қайсар» футбол командасы араға 20 жыл уақыт салып екінші рет ел Кубогын иеленді. Жыл қорытындысымен



Мәдениет және спорт министрлігі, Ұлттық Олимпиада комитеті ұйымдастырған «Алтын Самғау-2019» ұлттық конкурсында «Үздік спорттық өңір» номинациясы бойынша Қызылорда облысы жеңіс тұғырынан көрінді.

О.Акимов өз кезегінде мұның бәрі бірлесіп атқарылған жұмыстың нәтижесі екенін айта келе, әріптестеріне алғыс білдірді.

АШЫҚ АЛАҢ

Орынды ұсыныс – назарда

Сеісенбі күні облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Онда Қызылорда қаласының әкімі мен басқарма басшылары болды.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Жеке мәселелерімен келген тұрғындардың өтініші ауызу-су, газ, тұрғын үй, әлеуметтік көмек, денсаулық салаларына қатысты.

Қабылдауға келген азаматтардың алғашқысы қаладағы «Эдельвейс» саяжайының тұрғындары Дәулетбек Ысқақұлы мен Дауылбай Ақсуатов саяжайдың ауызу, газ, жарық және жол қатынасы мәселесі туралы айтты. Мәлім болғандай, саяжайға құрылыс салуға рұқсат берілмейді, бірақ тұрғындар өз бетінше үйлерді салып алғандықтан, өтініштеріне байланысты бас жоспарға өзгертіліп, қаланың шекарасына енгізілген. Биылдан бастап аталған мәселелер бойынша жұмыстар жасалуда. Жобалық-сметалық құжаттары дайындалған соң біткен соң ғана республикадан қаржы сұрау мүмкін болады. Егер қаржы бөлінсе, мәселе де

шешіледі. Десе де, оған уақыт қажет. Ауызу мәселесі бойынша әзірге суды арнайы көлкіпен тасымалдау жолы қарастырылмақ.

Қабылдауда болған қызылордалық Айбөбек Длекешова пәтер және әлеуметтік көмек мәселесі бойынша келгенін жеткізді. Сонымен бірге қызылордалық алимент ала алмай отырғанын, жұмыссыз екенін айтты. Белгілі болғандай, Айбөбек пәтер кезегінде 2348 болып тұр. Бұл орайда аймақ басшысы пәтер тек заман берілетінін, кезегі келгенде алатынын айтты. Ал алимент мәселесі бойынша тиісті сала мамандарына заң шеңберінде көмек көрсетуді тапсырды. Сондай-ақ, жұмысқа орналастыру бойынша да көмек беру ұсынылды.

Қызылорда қаласы, Қараөзек ауылының тұрғыны Зейнеш Юсупова №39 мек-



тепке Аймахан Жүсіповтың есімін беру туралы ұсыныспен келіпті. Облыс әкімі соғыс және еңбек ардагерінің есімін білім ұясына беру орынды ұсыныс екенін айтты. Алайда, қазіргі кезде елді мекендерге, білім ордаларына, көшеге ат беруге қатысты мораторий жарияланғанын, кезі келгенде ономастикалық комиссияға ұсынылатынын жеткізді.

«Невада-Семей» қоғамдық

бірлестігінің облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәбит Әбіш Семей сынақ полигонына қатысқан азаматтардың құқығын қорғау мақсатында заңға өзгеріс енгізу жөнінде ұсыныс айтты.

Аймақ басшысы қабылдауда болған азаматтардың мәселелерін қарап, тиісті мекеме басшыларына заң аясында жұмыс істеуді тапсырды.

КЕҢЕСТІ ЖЕРДЕ КЕМДІК ЖОҚ,

Бұдан басқа, Жоспарда аз зерттелген «Оңтүстік Торғай және Сырдария» шөгінді бассейндерін барлау көзделген. Осы шөгінді бассейндер бойынша жұмыстарды бастау үшін республикалық бюджеттен тағы 2 млрд теңгеден астам қаражат бөлінуіне жұмыс жасаймыз.

Сондай-ақ, биыл тау-кен саласын дамыту мақсатында «Талап» қорғасын-мырыш кен орнын және «Ақселе» титанцирконий кен орнын барлауды бастаймыз.

Сонымен бірге, шикізаттық емес секторды дамытуға, әсіресе, экспортқа бағытталған өндірістерді дамытуға баса назар аударамыз.

Мәселен, 2015 жылдан бастап индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының 2-кезеңін басталған уақытымен салыстырсақ, өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі 2,8 пайызға жуық, жалпы қосылған құн – 17 пайыздан астам, ал, шикізаттық емес экспорт көлемі 19 пайызға өсті (күріш, тұз, балық, аммоний метаванадаты және т.б.).

2018 жылдың желтоқсанында пайдалануға берілген таппонажды цемент өндіру зауыты 6 цемент түрін өндіреді және көршілес өңірлерге ғана емес, 2019 жылдың шілдесінен бастап экспортқа (Өзбекстанға – 40 мың тонна) да шығаруға. Ал, қара тақтатастарды автоклавты қайта өңдеу бойынша жоба іске асырылып жатқан «Баласауыскандық» ванадилі кен орнынан жыл сайын Ресей



тың Қытай мердігерлерінің өнім өндірісі агроөнеркәсіп секторындағы маңызды бағыттардың бірі болып табылады. 2017 жылы облыстың ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу нарықтарына кешенді маркетингтік зерттеулер жүргізілген болатын. Соның негізінде облыстың агроөнеркәсіптік кешенінің «Агрокартасын» іске асырудамыз. Оның мақсаты экспорттың өсуін және өз азық-түлік қауіпсіздігімізді қамтамасыз ету.

Бүгінгі күні жиырма шақты елге экспортталатын агроөнеркәсіптік кешен өнімдерінің тізбесі 3-тен 19 түрге дейін артты. Нәтижесінде, 2019 жылы экспорт көлемі 7 пайызға өсті, экспорттың 90 – пайызы қайта өңделген өнім.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қалдықсыз өңдеуге жаңа технологиялар тартылууда. Мысалы, 2019 жылдың қазанында, толығымен автоматтандырылған, әлемдегі өңдеу технологиясы жағынан озық, заманауи күріш өңдеу зауыты (шамамен 500 млн теңге) пайдалануға берілді.

Сандық технологиялар көсіпорына өнімділікті арттыруға және қалдықсыз өндірісті жолға қоюға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда күріш өндірушілер толықтай жоғары өнімді күріш тұқымын (3 репродукцияға дейін) пайдалануда. Нәтижесінде, былтыр дикандаларымыз әр гектардан орта есеппен 60,3 центнерден өнім алған.

Өкінішке қарай, жыл сайын күріштің жоғары өнімін қамтамасыз етіп отырамызбен, бізде ет өнімі мардымсыз.

Қысқы және көктемгі кезеңде көкөніс, жеміс бойынша жақтәттілікті жаппаймыз. Сондықтан, өнімнің бір бөлігі көрші өңірлерден әкелінеді, ал, бұл бағаның тұрақсыздығына әкеліп соғалады.

Көкөністер мен жемістердің қорын жинақтауға болатын қоймалар, жаңа үлгідегі жылыжай, ет комбинаты, бордакылау алаңдары, сүт-тауар фермалары жеткілікті.

Дегенмен, тауарлардың әлеуметтік маңызы бар түрлеріне тұрақтандыру қорының серіктес сауда желілері арқылы бағаны тұрақты ұстап тұруға қол жеткізіп отырмыз.

Өткен жылдың қорытындысымен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының баға индексі республика бойынша біздің облыста ең төменгі осімді (9,1%) көрсетті.

Осы жылдың көктемінде Маханбетов ауылындағы 2 гектарды құрайтын және испандық технология негізінде жұмыс жасайтын автоматтандырылған жылыжай кешенінде өсірілген көкөністердің алғашқы өнімін қиынатын боламыз (жобаның құны – 1 млрд теңге).

2020 жылы Талсуаттағы ет комбинатының құрылысы аяқталады.

Кәсіпорының іске қосылуы ішкі нарықты етпен қамтамасыз етіп қана қоймай, сыртқы нарықта табыс табуға мүмкіндік береді. Бұл өңірдегі экспортқа бағытталған қуаттылығы жылына 5 мың тонна етті терең өңдеу бойынша ірі кәсіпорындардың бірі болмақ.

Өткен жылы Жаңақорған ауданында 1000 басқа арналған мал бордакылау алаңы ашылды, ал, биыл, Шиели ауданы мен Қызылорда қаласында 1300 басқа арналған тағы 2 мал бордакылау алаңын іске қосатын боламыз.

(Бүгінде, айтқандай, мал басының барлық түрлері бойынша өсім ең табысты 1990 жылғы көрсеткіштен де асып түседі (мүйізді ірі қара: 1990 ж. – 220,8 мың бас, 2019 ж. – 332,4 мың бас; жылқы: 1990 ж. – 71,9 мың бас; 2019 ж. – 148,3 мың бас; түйе: 1990 ж. – 26,3 мың бас, 2019 ж. – 47,9 мың бас).

Биыл Қазалы ауданындағы 1200 басқа арналған сүт-тауарлы фермасын кеңейту жобасы аяқталды («РЗА» АҚ, 450 млн теңге), Қармақшы ауданындағы 1500 тонна құс етін (1,9 млрд теңге) өндіретін құс фабрикасын, Шиели ауданындағы 1200 басқа арналған сүт-тауарлы фермасын («Сыр агро и К» ЖШС) салуды жалғастырамыз.

Бізге бақша шаруашылығын, атап айтқанда, алма бақтары мен жүзімдіктерді дамыту бойынша да жақсы мүмкіндіктер бар. Бұрынғы жылдары Жаңақорған, Шиели аудандары өздерінің бау-бақтарымен танымал болатын.

Сондықтан, біз осы бағытты қайта қолға алудымыз қажет. Бұл, өз кезегінде, табысты бизнесті дамытуға да мүмкіндік береді. Ал, оған мемлекеттік қолдаулар қарастырылып отыр.

2019 жылы әкімдерге тапсырма беріліп, өткен жылы 80 гектар жерге жеміс ағашы егілген болатын. Алайда, бұл – жеткіліксіз.

Әр аудан және Қызылорда қаласы жыл сайын кемінде 10 гектар жеміс ағаштарын отырғызуды тиіс деп санаймыз.

Суармалы егіншілікті дамыту және өндіріс ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін аяқ сумен тұрақты қамтамасыз ету үшін суға деген тәуелділікті азайтуымыз қажет.

Шиели, Қармақшы, Жаңақорған, Қазалы аудандары, өздерінің бөлісіндер, вегетациялық кезеңде суармалы судың жетіспеушілігінен зардап шегіп, бұл, өз кезегінде, ауыл шаруашылығының дамуын тежеп отыр. Бұл жылда қайталанатын мәселе. Сондықтан, Үкімет алдында «Қараөзек» (қойманың су жинау көлемі – 1,5 млрд м³, құрылыс жұмыстарының алды ала есебі – 1,9 млрд теңге) және «Күміскеткен» (қойманың су жинау көлемі – 600 млн м³, құрылыс жұмыстарының алды ала есебі – 1,9 млрд теңге) су қоймаларын салуды көтеріп отырмыз.

Бұл су қоймалары жыл

сайын Үлкен Арал теңізіне қайтарымсыз тасталып жатқан 2 млрд текше метрден астам суды жинап, сақтауға мүмкіндік береді.

Осы орайда, «Әйтек» су торабын жөндеу мәселесі де өзекті болып тұр.

Өткен жылы су торабының бөгетін су шайып, оның толықтай бұзылуына қауіп төнді. Егер, тетенше жағдай орын алғанда, Сырдария және Жалағаш аудандарының аумағындағы 16 мың гектар жерді суық қалдыру қатері туған болатын.

Жағалауын бекіту бойынша шұғыл жұмыстар жасалды. Алайда, бұл уақытша шаралар еді.

Бүгінгі күні түпкілікті жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарының жобалық-сметалық құжаттамасына Су ресурстары комитетінен 48 млн теңге қаржы бөлініп, жөндеу жұмыстарын жеделдету шаралары қабылданды.

«Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» жобасының екінші кезеңінің үш компоненті: Қызылорда су торабын қайта жаңғырту, Қармақшы, Қазалы аудандарындағы қорғаныс бөгеттерін нығайту, Жалағаш ауданында Тұрымбет және Қорғаныш учаскелерінде Сырдария өзенінің арнасын түзетуді ағымдағы жылы іске асыру жұмыстары басталатын болады.

Енді бір жағымды жаңалығымыз, көптен бері халықтың көкейінде жүрген облыс орталығы шегінде Сырдария өзенінің арнасын тазалауды қаржыландыру мәселесін шешуге қол жеткіздік.

Құны 5 млрд теңге болатын жоба іске асқанда, өзен арнасының 9 шақырымындай табаны 7 метрге жуық тазаланады.

Енді, балық шаруашылығына қатысты айтар болсақ, Жалпы, бұл сала біздің облыста айтарлықтай жақсы дамып келеді. Соңғы 5 жылда балық өнімдерінің экспорты 2,5 есеге дейін артса, ал, экспортқа шығаратын елдердің тізімі тек соңғы жылда 8-ден 11-ге дейін көбейді.

Бірақ, бүгінде біз балық ресурстарына тұтынушылық тұрғыдан ғана қарап келе жатқанымызды мойындауымыз қажет. Яғни, оны өнеркәсіптік деңгейде аулап, табиғатқа келетін зиялы өтеміз отырмыз.

Балық питомниктерін, тоған шаруашылықтарын дамытуға күш салуға тиіспіз. Бұл – индустриалды балық өсірудің маңызды бағыттарының бірі болып саналады.

Аталған саланы дамыту үшін біздің жақсы мүмкіндіктеріміз бар, алайда, өкінішке қарай, бұл бағытта бизнесін ашуға кәсіпкерлеріміз өзгеріс ынта білдірмей отыр.

Ал, бұл – табыс табудың жақсы мүмкіндігі.

Жалпы, шағын және орта бизнесті дамыту бойынша жыл

дың қорытындысымен жақсы көрсеткіштерге қол жеткіздік. Жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің саны, кәсіпкерлікпен айналысатын халықтың саны артып, шағын және орта бизнестен түсетін салық көлемі де былтырдың өзінде 11 пайызға өсіп отыр (2018 жыл – 66,7 млрд теңге, 2019 жыл – 73,8 млрд теңге).

Алайда, бұны тереңірек сараптайтын болсақ, жұмыс істеп тұрған 46 мың кәсіпкерлік субъектісінің 22 пайызы ғана жылына 2 млн теңгеден артық табыс түсіреді.

Президенттің тапсырмасына сәйкес, шағын және орта бизнестің өңірдегі өндірілген өнімдегі үлесін 2025 жылға 35 пайызға жеткізудіміз тиіс. Ал, бізде, өткен жылдың 9 айы бойынша 16,5 пайыз ғана.

Өндіріс жалпы көлемі – 910 гектарды құрайтын 6 индустриалдық аймақ жұмыс жасауда. Оның ішінде 54 жоба (193,7 млрд теңге) орналасып, 237,5 гектар жер телімі ғана игеріліп тұр. 636 гектар учаскесі бос.

Сондықтан, біз осы индустриалдық аймақтардың мүмкіндігін барынша пайдалануымыз қажет.

Демек, біз «Еңбек» және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламаларының мүмкіндіктерін барынша тиімді пайдалануға тиіспіз. Кезінде кәсіпін бастауға қаржы алған кәсіпкерлер енді бүгін оны әрі қарай дамытуға несие алып, бизнестерін кеңейтуге, тиісінше, жоғары және тұрақты табыс түсіруге қолулері керек.

Әр бизнесмен кәсібіне салған қаражатын барынша тез өндіруге тырысатыны тиісінкі. Сол себепті, өңірмізде бірінші кезекте сервистік қызметтерге негізделген бизнес басымдыққа ие болып тұр.

Енді халық тұтынатын қарапайым тауарлар шығаруға бағытталуымыз қажет.

Бұрын біздегі тігін фабрикасы, аяқ киім фабрикасы қандай сапалы өнім шығарғаны естеріңізде болар. Табиғи теріден жасалған балалар аяқ киімі тиімді алыс шетелдерге де экспортқа шығарылған болатын!

Неге, біз төсек-орын жабындын өзмізде шығаруға мүмкіндік бола тұра бүгінде шетелден әкелеміз? Бізде қаражат та, шикізат та, жұмыс күші де бар.

«Еңбектің көзін тапсаң, байлықтың өзін табарсың», – дегендей, жерлесіміз Абнұс Ділімұхаммед «Далагер» тігін фабрикасын ашып, 40 адамды жұмыспен қамтып, 7000-нан 9000-ға дейін көйлек шығарып, ішкі нарықпен қатар, Ресей Федерациясының (Екатеринбург, Санкт-Петербург) қалаларына экспорттауда.

Құрметті жерлестер! Өңірмізде мұнай өндіру төмендеп кеткенмен, біз қазіргі таңда жаппай қысқартуларды болдырмай, жұмыссыздықты

республикалық деңгейде ұстап тұрмыз.

Еңбекке жарамды халықтың барлығы жұмыспен қамтылып, олардың өзін-өзі және отбасын қамтамасыз ете алатындай болуына барынша күш салудамыз.

Ал, белгілі бір себеппен еңбекке жарамсыз және мұқтаж азаматтар үшін (мүгедектікке, баян күйіне, науқастар және мүгедектер күтіміне байланысты, көпбалалы аналар және т.б.), әрине, мемлекет келіпдендірілген көмек көрсететін болады.

Мұны мен неге айтып отырмын? Себебі, былтыр және тіпті биылдың өзінде аз қамтылған отбасылар мен көпбалалы аналар тарапынан көптеген сұрақтар туындағаны жасырын емес. Мемлекет оларға жәрдем көрсетіп, аталған отбасылардың табыстарын көбейтуге арнайы шаралар қабылдағаны белгілі.

Біз (және бұл біздің ғана облыста емес) осындай проблемаларға, әсіресе, жәрдем алу үшін адамдардың өз табыстарын жасау, салықтан жалтару, әдейі ажырасу, мүліктерін туысқандарының атына жазу сияқты фактілері орын алған кезге тап болдық. Жұмыс берушіге қарағанда мемлекет төлейтін атаулы әлеуметтік көмек көбірек болғандықтан, кейбіреулер тіпті әдейі жұмыстан да шығып жатты. Оларға жұмыс істемей-ақ, үйде отырып, мемлекеттен жәрдем алу тиімді болды. Бір сөзбен айтқанда, мемлекет адамдардың масылдық көңіл-күйіне тап болды. Ең сорақсы, атаулы әлеуметтік көмек алуға ниет білдіргендердің ішінде тіпті екікабатты коттеджде тұратын тұлғалар да кездесіп жатты.

2020 жылдан бастап атаулы әлеуметтік көмек алуға әр отбасы мүшесіне күнкөріс минимумының 70 пайыздан аз келетін (күнкөріс минимумы – 28276 теңге, оның 70%-ы – 19793 теңге) отбасылар ғана үміткер болатындай шешім қабылданды. Сондай-ақ, бұл ретте отбасының еңбекке жарамды мүшелері жұмыс істеуі міндетті!

Биыл кем дегенде 10400 тұрақты жұмыс орынын ашуды көздеп отырмыз. Бос орындарға, мемлекеттен жеміс алуға берілетін жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру, жемілетілген шағын несиелер, қайтарымсыз гранттар беру, жаңа мамандықтарға оқыту ұсынылатын болады.

Алайда, егер отбасының еңбекке жарамды мүшесі жұмыспен қамтудың ұсынылған шараларынан бас тартатын болса, онда атаулы әлеуметтік көмекті оған ғана емес, тұтас отбасына да төлеу тоқтатылатын болады. Бұл – елімізде барлығына бірдей орыс ереже!

Халықтың табысы мен өмір сүру сапасын арттыру – мемлекет пен барлық деңгейдегі әкімдердің жұмысының басты критерийі.

Бүгінде облыс халқының 97 пайызы орталықтандырылған ауызумен қамтамасыз етілген. Ал, бұл халықтың тек өмір санының ғана емес, оның денсаулығының да жақсаруына әсер ететінін білеміз. Сондықтан, 2023 жылға қарай бұл көрсеткішті 100 пайызға жеткізуді көздеп отырмыз.

Атап айтқанда, қазіргі таңда Үкіметке был Ал ауданының Ақбасты, Тоқабай, Абай елді мекендерін «Арал-Сарыбұлақ» топтық су құбырына қосу, Шиели ауданында «Тақырқөл» және «Арал-Сарыбұлақ» станциясына дейінгі магистральдық суағарын екінші желісін салу жобаларын іске асыруды бастау қажеттігін ұсынып отырмыз. Бұл жобалар Қызылорда облысы әлеуметтік-экономикалық дамуы кешенді жоспарының 2021 жылғы іс-шараларына енгізілген.

Аталған жобалар іске асырылғанда 38 мыңнан астам ауыл тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз етеміз.



мен Ұлыбританияға 200 тоннадан астам аммоний метаванадаты экспортталуда.

2020 жылы жалпы құны 408 млрд теңгеден асатын тағы 10 ірі жобаны іске асыруды жоспарлап отырмыз.

Оның ішінде шыны зауыты бар. Өрне, бұл күрделі жобаны өзіндік қиыншылықтары жеткілікті.

Бірнеше рет құрылтайшылар арасындағы келіспеушілікке және мердігерлердің өзгеруіне байланысты іске асыру мерзімі кейінге шегеріліп келеді.

Анықтама: «қуаты жылына 197,1 мың тонна болатын табақты шыныны өңдеу және өндіру бойынша зауыт құрылысы» жобасы, құны 42 млрд теңге, 226 жұмыс орны. Тапсырыс беруші – «Орда Гласс ЛТД» ЖШС.

Бүгінгі жиынға «Орда Гласс ЛТД» серіктестігінің директоры Ержан Юбилерұлы Сағымбаевты арнайы шақырған болатынбыз.

Ержан Сағымбаев, «Орда Гласс ЛТД» серіктестігінің директоры:

– Бүгінгі күні құрылыспен қатар қондырғыларды монтаждау жұмыстары толыққанды жүргізілуде. Қазір Қытайдағы қорнарысу салдарынан екі ел шекарасында орын алған жағдайларға байланысты бірқатар қиындық туындады. Шыны зауытында монтаждау шараларын жүзеге асыра-
1-бет.

2020 жылы кварц құмын бағыту бойынша тау-кен байыту комбинатының бірінші желісі пайдалануға берілді (Арал ауданы, сағатына 5 тонна, 750 млн теңге). Бұдан басқа, жоғары қысымды шыныпластик желілік және сорғы-компрессорлық құбырларды шығару жобасы іске асады (Қызылорда қаласы, 1,8 млрд теңге).

2019 жылы «Арал тұз» акционерлік қоғамы тұз өндіру көлемін 25 пайызға ұлғайтты – жылына 400-ден 500 мың тоннаға дейін, ал, биыл тағы 10 пайызға арттыруды және 2022 жылға қарай өндіру көлемін 700 мың тоннаға дейін жеткізуді жоспарлап отыр. Сондай-ақ, қуаттылығы 120 мың тонна болатын ас тұзын өндіретін үшінші испандық цехтың құрылысына кірісуде.

Кальцийлендірілген сода өндіретін алғашқы зауыт құрылысының жобасын министрліктермен келісудің соңғы кезеңі жүріп жатыр.

(«Баласауыскандық» ванадил кен орнында (Шиели ауданы) қара тақтатастарды автоклавты қайта өңдеу жобасы, «Шалқия» кен орнында (Жанақорған ауданы) тау-кен байыту комбинатын салу және басқа да бірқатар перспективалы жобалар бойынша жұмыс жалғасуда).

Осылайша, өңдеу өнеркәсібін дамыта отырып, болашақта өңірдің мұнайға тәуелділігін төмендетеміз. Алайда, бұл бір жылдың жұмысы емес.

2019 жылы әкімдерге тапсырма беріліп, өткен жылы 80 гектар жерге жеміс ағашы егілген болатын. Алайда, бұл – жеткіліксіз.

Әр аудан және Қызылорда қаласы жыл сайын кемінде 10 гектар жеміс ағаштарын отырғызуды тиіс деп санаймыз.

Суармалы егіншілікті дамыту және өндіріс ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін аяқ сумен тұрақты қамтамасыз ету үшін суға деген тәуелділікті азайтуымыз қажет.

Шиели, Қармақшы, Жаңақорған, Қазалы аудандары, өздерінің бөлісіндер, вегетациялық кезеңде суармалы судың жетіспеушілігінен зардап шегіп, бұл, өз кезегінде, ауыл шаруашылығының дамуын тежеп отыр. Бұл жылда қайталанатын мәселе. Сондықтан, Үкімет алдында «Қараөзек» (қойманың су жинау көлемі – 1,5 млрд м³, құрылыс жұмыстарының алды ала есебі – 1,9 млрд теңге) және «Күміскеткен» (қойманың су жинау көлемі – 600 млн м³, құрылыс жұмыстарының алды ала есебі – 1,9 млрд теңге) су қоймаларын салуды көтеріп отырмыз.

Бұл су қоймалары жыл

сайын Үлкен Арал теңізіне қайтарымсыз тасталып жатқан 2 млрд текше метрден астам суды жинап, сақтауға мүмкіндік береді.

Осы орайда, «Әйтек» су торабын жөндеу мәселесі де өзекті болып тұр.

Өткен жылы су торабының бөгетін су шайып, оның толықтай бұзылуына қауіп төнді. Егер, тетенше жағдай орын алғанда, Сырдария және Жалағаш аудандарының аумағындағы 16 мың гектар жерді суық қалдыру қатері туған болатын.

Жағалауын бекіту бойынша шұғыл жұмыстар жасалды. Алайда, бұл уақытша шаралар еді.

Бүгінгі күні түпкілікті жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарының жобалық-сметалық құжаттамасына Су ресурстары комитетінен 48 млн теңге қаржы бөлініп, жөндеу жұмыстарын жеделдету шаралары қабылданды.

«Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» жобасының екінші кезеңінің үш компоненті: Қызылорда су торабын қайта жаңғырту, Қармақшы, Қазалы аудандарындағы қорғаныс бөгеттерін нығайту, Жалағаш ауданында Тұрымбет және Қорғаныш учаскелерінде Сырдария өзенінің арнасын түзетуді ағымдағы жылы іске асыру жұмыстары басталатын болады.

Енді бір жағымды жаңалығымыз, көптен бері халықтың көкейінде жүрген облыс орталығы шегінде Сырдария өзенінің арнасын тазалауды қаржыландыру мәселесін шешуге қол жеткіздік.

Құны 5 млрд теңге болатын жоба іске асқанда, өзен арнасының 9 шақырымындай табаны 7 метрге жуық тазаланады.

Енді, балық шаруашылығына қатысты айтар болсақ, Жалпы, бұл сала біздің облыста айтарлықтай жақсы дамып келеді. Соңғы 5 жылда балық өнімдерінің экспорты 2,5 есеге дейін артса, ал, экспортқа шығаратын елдердің тізімі тек соңғы жылда 8-ден 11-ге дейін көбейді.

Бірақ, бүгінде біз балық ресурстарына тұтынушылық тұрғыдан ғана қарап келе жатқанымызды мойындауымыз қажет. Яғни, оны өнеркәсіптік деңгейде аулап, табиғатқа келетін зиялы өтеміз отырмыз.

Балық питомниктерін, тоған шаруашылықтарын дамытуға күш салуға тиіспіз. Бұл – индустриалды балық өсірудің маңызды бағыттарының бірі болып саналады.

Аталған саланы дамыту үшін біздің жақсы мүмкіндіктеріміз бар, алайда, өкінішке қарай, бұл бағытта бизнесін ашуға кәсіпкерлеріміз өзгеріс ынта білдірмей отыр.

Ал, бұл – табыс табудың жақсы мүмкіндігі.

Жалпы, шағын және орта бизнесті дамыту бойынша жыл

дың қорытындысымен жақсы көрсеткіштерге қол жеткіздік. Жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің саны, кәсіпкерлікпен айналысатын халықтың саны артып, шағын және орта бизнестен түсетін салық көлемі де былтырдың өзінде 11 пайызға өсіп отыр (2018 жыл – 66,7 млрд теңге, 2019 жыл – 73,8 млрд теңге).

Алайда, бұны тереңірек сараптайтын болсақ, жұмыс істеп тұрған 46 мың кәсіпкерлік субъектісінің 22 пайызы ғана жылына 2 млн теңгеден артық табыс түсіреді.

Президенттің тапсырмасына сәйкес, шағын және орта бизнестің өңірдегі өндірілген өнімдегі үлесін 2025 жылға 35 пайызға жеткізудіміз тиіс. Ал, бізде, өткен жылдың 9 айы бойынша 16,5 пайыз ғана.

Өндіріс жалпы көлемі – 910 гектарды құрайтын 6 индустриалдық аймақ жұмыс жасауда. Оның ішінде 54 жоба (193,7 млрд теңге) орналасып, 237,5 гектар жер телімі ғана игеріліп тұр. 636 гектар учаскесі бос.

Сондықтан, біз осы индустриалдық аймақтардың мүмкіндігін барынша пайдалануымыз қажет.

Демек, біз «Еңбек» және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламаларының мүмкіндіктерін барынша тиімді пайдалануға тиіспіз. Кезінде кәсіпін бастауға қаржы алған кәсіпкерлер енді бүгін оны әрі қарай дамытуға несие алып, бизнестерін кеңейтуге, тиісінше, жоғары және тұрақты табыс түсіруге қолулері керек.

Әр бизнесмен кәсібіне салған қаражатын барынша тез өндіруге тырысатыны тиісінкі. Сол себепті, өңірмізде бірінші кезекте сервистік қызметтерге негізделген бизнес басымдыққа ие болып тұр.

Енді халық тұтынатын қарапайым тауарлар шығаруға бағытталуымыз қажет.

Бұрын біздегі тігін фабрикасы, аяқ киім фабрикасы қандай сапалы өнім шығарғаны естеріңізде болар. Табиғи теріден жасалған балалар аяқ киімі тиімді алыс шетелдерге де экспортқа шығарылған болатын!

Неге, біз төсек-орын жабындын өзмізде шығаруға мүмкіндік бола тұра бүгінде шетелден әкелеміз? Бізде қаражат та, шикізат та, жұмыс күші де бар.

«Еңбектің көзін тапсаң, байлықтың өзін табарсың», – дегендей, жерлесіміз Абнұс Ділімұхаммед «Далагер» тігін фабрикасын ашып, 40 адамды жұмыспен қамтып, 7000-нан 9000-ға дейін көйлек шығарып, ішкі нарықпен қатар, Ресей Федерациясының (Екатеринбург, Санкт-Петербург) қалаларына экспорттауда.

Құрметті жерлестер! Өңірмізде мұнай өндіру төмендеп кеткенмен, біз қазіргі таңда жаппай қысқартуларды болдырмай, жұмыссыздықты

республикалық деңгейде ұстап тұрмыз.

Еңбекке жарамды халықтың барлығы жұмыспен қамтылып, олардың өзін-өзі және отбасын қамтамасыз ете алатындай болуына барынша күш салудамыз.

Ал, белгілі бір себеппен еңбекке жарамсыз және мұқтаж азаматтар үшін (мүгедектікке, баян күйіне, науқастар және мүгедектер күтіміне байланысты, көпбалалы аналар және т.б.), әрине, мемлекет келіпдендірілген көмек көрсететін болады.

Мұны мен неге айтып отырмын? Себебі, былтыр және тіпті биылдың өзінде аз қамтылған отбасылар мен көпбалалы аналар тарапынан көптеген сұрақтар туындағаны жасырын емес. Мемлекет оларға жәрдем көрсетіп, аталған отбасылардың табыстарын көбейтуге арнайы шаралар қабылдағаны белгілі.

Біз (және бұл біздің ғана облыста емес) осындай проблемаларға, әсіресе, жәрдем алу үшін адамдардың өз табыстарын жасау, салықтан жалтару, әдейі ажырасу, мүліктерін туысқандарының атына жазу сияқты фактілері орын алған кезге тап болдық. Жұмыс берушіге қарағанда мемлекет төлейтін атаулы әлеуметтік көмек көбірек болғандықтан, кейбіреулер тіпті әдейі жұмыстан да шығып жатты. Оларға жұмыс істемей-ақ, үйде отырып, мемлекеттен жәрдем алу тиімді болды. Бір сөзбен айтқанда, мемлекет адамдардың масылдық көңіл-күйіне тап болды. Ең сорақсы, атаулы әлеуметтік көмек алуға ниет білдіргендердің ішінде тіпті екікабатты коттеджде тұратын тұлғалар да кездесіп жатты.

2020 жылдан бастап атаулы әлеуметтік көмек алуға әр отбасы мүшесіне күнкөріс минимумының 70 пайыздан аз келетін (күнкөріс минимумы – 28276 теңге, оның 70%-ы – 19793 теңге) отбасылар ғана үміткер болатындай шешім қабылданды. Сондай-ақ, бұл ретте отбасының еңбекке жарамды мүшелері жұмыс істеуі міндетті!

Биыл кем дегенде 10400 тұрақты жұмыс орынын ашуды көздеп отырмыз. Бос орындарға, мемлекеттен жеміс алуға берілетін жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру, жемілетілген шағын несиелер, қайтарымсыз гранттар беру, жаңа мамандықтарға оқыту ұсынылатын болады.

Алайда, егер отбасының еңбекке жарамды мүшесі жұмыспен қамтудың ұсынылған шараларынан бас тартатын болса, онда атаулы әлеуметтік көмекті оған ғана емес, тұтас отбасына да төлеу тоқтатылатын болады. Бұл – елімізде барлығына бірдей орыс ереже!

Халықтың табысы мен өмір сүру сапасын арттыру – мемлекет пен барлық деңгейдегі әкімдердің жұмысының басты критерийі.

Бүгінде облыс халқының 97 пайызы орталықтандырылған ауызумен қамтамасыз етілген. Ал, бұл халықтың тек өмір санының ғана емес, оның денсаулығының да жақсаруына әсер ететінін білеміз. Сондықтан, 2023 жылға қарай бұл көрсеткішті 100 пайызға жеткізуді көздеп отырмыз.

Атап айтқанда, қазіргі таңда Үкіметке был Ал ауданының Ақбасты, Тоқабай, Абай елді мекендерін «Арал-Сарыбұлақ» топтық су құбырына қосу, Шиели ауданында «Тақырқөл» және «Арал-Сарыбұлақ» станциясына дейінгі магистральдық суағарын екінші желісін салу жобаларын іске асыруды баста

ТАТУ ЕЛДЕ ТАБЫС КӨП

Елді мекендерді газдан-дыруға қатысты. Қазіргі таңда облыс халқының 63 пайызы табиғи газды тұтыну мүмкіндігіне ие болып отыр. Өздеріңіз білетіндей, алдыңғы жылдары Қызылорда қаласы мен 4 аудан орталығын газға қостық.

2019 жылы Байқоңыр қаласын газға қосуды аяқтап, қалған 3 аудан орталығы – Жосалы, Теренөзек және Жалағашта кентшілік газ желілері құрылысын жүргізуге кірістік. Ағымдағы жылы осы аудан орталықтары мен Арал ауданы Жаксықылыш кентінің тұрғындары газ тұтыну мүмкіндігіне ие болады.

Сонымен қатар, орталық мемлекеттік органдармен бірлесіп, 2020 жылы тұрғындар саны 24 мыңдай адамды құрайтын Қазалы ауданының Қазалы қаласы мен Мұратбаев елді мекенін және Шиелі ауданының Байсын, Қошманов, Бидікөл, Бекежанов, Алғабас елді мекендерін газдан-дыру жобаларын іске асыруды бастау мәселелерін пысықтап жатырмыз.

Келесі кезеңде тіркеті елді мекендер мен сиреткес елді мекендер газдан-дырылады. Бұл ретте, бірінші кезекте аудан орталықтары мен Қызылорда қаласына жақынырақ елді мекендері, атап айтқанда, 2021 жылы Өретастан және Ақай, 2021-2022 жылдары Сексеуіл, Наурыз және Махамбетов елді мекендері газға қосылатын болады.

Жалпы, 2020 жылдың соңына қарай біз халықты газбен қамтамасыз ету деңгейін 70 пайызға дейін жеткізуді жоспарлап отырмыз.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласы шығыны өте көп сала екенін жақсы білесіздер. Бұл саланың бар мәселесін бір мезгілде шешу-ге қаражат ешқашан жетпейді. Дегенмен, олар шешілуі тиіс! Сондықтан, біз оларды ретімен жүзеге асыратын боламыз.

Бүгінгі күні бізде тұрғын үй кезегінде 30 мыңнан астам (оның 25395-і Қызылорда қаласы бойынша) азамат тіркелген. Тұрғын үйге кезектің қатары жоғары болып тұр. Сондықтан, осы мәселені шешу барысында қарқынды жұмысты жалғастыруға тиістіміз.

Сонымен бірге, жер кезегінде тұрғындардың саны 96 882-ні құрап отыр, оның басым көпшілігі Қызылорда қаласының үлесінде – 59 787 (62%). Соған қарамастан, бізде тұрғын үй салуға берілген жер телімдері уақытылы игеріліп жатқан жоқ.

Мысалы, Қызылорда қаласында «Бәйтерек» тұрғын ауданынан тұрғын үй құрылысы үшін 5112 жер учаскесі ұсынылса, үш жылда небәрі оның 1 мыңға жуығы ғана үйлерін аяқтап, кіру актісін алды. Ал, 2600 жер учаскесі мүлдем игерілмей тұр. Сондықтан, қолданыстағы заңға сәйкес бұндай жер учаскелеріне қатысты шаралар қабылданады.

Алдымызда тұрған келесі міндет – барлық өмір-тіршілік инфрақұрылымдарын онлайн-



сервиспен қамтамасыз ету.

Экономиканың әртүрлі салаларына жоғары технологияларды желдетіп ендіру үшін цифрландыру бойынша 47 жоба жүзеге асырылып, тағы 11 жоба бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Мысалы, біз елімізде бірінші болып «Бірыңғай кезекшілік диспетчер қызметі» жобасын іске қостық. Енді барлық желді қызметтер (101, 102, 103, 112) бірыңғай «112» нөмірмен жұмыс істейтін болады.

Сонымен бірге, шұғыл емес сипаттағы қаланың тіршілік ету тұстары бойынша тұрғындардың өтінімдерін оңдейтін «109 – бірыңғай контакт-орталық» іске қосылды.

Бұл – абаттандыру, электр, су, жылумен қамтамасыз ету, ашық жатқан люктер мәселесі, қоғамдық көлік және тағы басқа көптеген мәселелерді қамтитын қызмет.

Бұрын қала тұрғындары осы мәселелерді шешу үшін 80-нен аса телефон нөмірлерін білуі керек еді. Ал, енді өтінімдер автоматты түрде тиісті мекемелерге жолданады.

Бейнекамералармен, GPS-құрылғыларымен қамтылған қалалық автобустарға электрондық билеттеу жүйесін сынақтық режимде қостық. Бұл жоба, қалада ашылған автобус паркін тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді деген сенімдемін. Сондай-ақ, бюджет қаражаты есебінен де қосымша автобустар сатып алатын боламыз (биылға 13 автобус сатып алуға 487 млн теңге қаралған).

Қызылорда қаласының жолдарына 20 зияткерлік жылдамдық өлшеуіштер орнату ағымдағы жылдың жоспарында бар. Салыстыру үшін – бүгінгі таңда өзгеріс тек қана 6 жылдамдық өлшеуіш жұмыс істеп тұр.

Бұрынғы жылдары, естеріңізде болар, жолдар мен көпқабатты үйлер аулаларында 270 бірлік шамасында бейнекамера орнатқанбыз. Және мұның оң нәтижесін де көрдік. Құнысқерлік деңгейінің көрсеткіші тек соңғы жылда

19,5 пайыз төмендеді. Алайда, жол-көлік ақтасының көрсеткіштерінде айтарлықтай 30 пайыздан асатын өсім байқалады. (Бұл ретте, өлімге әкеліп соққан жол-көлік оқиғасы – 38 пайыз, жол-көлік оқиғасы барысында жарақат алғандар – 22,4 пайыз. Бұл – алаңдатарлық көрсеткіштер).

Біздің міндетіміз – өмір сүру үшін қаламызды тек қолайлы етіп қана қоймай, сонымен қатар, қауіпсіз қалаға айналдыру.

Әлеуметтік сала – біз үшін басымды салалардың бірі. 2019 жылы 19 әлеуметтік нысанның құрылысы салынып, олардың 11-і іске қосылды, қалғандары – осы жылы аяқталады.

Алайда, өмір заңдылығына сәйкес, қана апаттық нысандар да пайда болады.

Анықталған үш апаттық мектептің екеуінде – Жалағаш ауданының Мөрәлі Шәменов атындағы елді мекенінде және Жанакорған кентінде құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Арал қаласындағы №71 апаттық мектептің жобалық сметалық құжаттамалары әзірленуде.

Үш ауысымда оқытатын мектептер болмағанымен, үш ауысымға өту қаупі қалыптасқан жеті мектеп бар.

Бұл түсінікті, облысымыздың дамуы негізінде халық саны артып жатыр, қосымша мектептер талап етілуде. 2019-2020 оқу жылында екі мыңнан астам бала бірінші сыныпқа артық барды. Бала санының артуы көңілдімізге қуаныш ұялатады.

Мектеп салу мәселелерін бюджет арқылы, сондай-ақ, мемлекеттік-жекешелік әріптестік бойынша шешудеміз.

2019 жылы жеке инвесторлар есебінен 1450 орынға арналған 3 мектеп салынды.

Тағы да үш инвестор жеке мектеп салуды жоспарлауда.

Денсаулық сақтау саласында «2019-2025 жылдарға арналған денсаулық сақтау нысандарының өңірлік перспективалық даму жоспары» бекітілді.

Бытыр апаттық жағ-

дайдағы денсаулық сақтау нысандарының орнына Шиелі ауданына ауруханасы пайдалануға берілді. Жалағаш ауданында жана аурухана құрылысы жүргізілуде (апаттық жағдайдағы соңғы объект).

Сонымен бірге, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде жеті дәрігерлік амбулатория қолданысқа берілсе, облыстық көпбейінді аурухана мен Қазалы ауданына ауруханасына ангиографиялық қондырғы орнатылды.

Облыстық бюджеттен 2,7 млрд теңге бөлініп, медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық қамтылуы 85,3 пайызға жеткізілді.

Дәрігер тапшылығын шешу мақсатында 2019 жылы 95 маман тартылып, қамту көрсеткіші 82 пайызға жетті. Бүгінгі күні 159 маман жетіспейді.

Сондықтан, маман тапшылығын шешу мақсатында 20 маманды резидентураға және 30 маманды бакалавриатураға оқыту үшін облыс әкімдігінің гранты бөлініп келеді.

Сырдария өзенінің сол жағалауынан онкологиялық бөлімі бар 500 төсек-орындық көпбейінді облыстық аурухана құрылысы республикалық жобалар тізіміне енгізілді.

Заманауи құралдармен жабдықталған аурухананы Үкіметтің кепілдігімен Еурразиялық даму банкінің қаржысына салу жоспарлануда.

Сонымен бірге, биыл 8 дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілетін болады.

2019 жылы өңірімізде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жөніндегі кешенді іс-шаралар жоспары бекітілді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының басты міндеті – қоғамдық сананы өзгерту. Біз бүгінгі қоғамда ұлттық құндылықтарымыз арқылы сананы жаңғыртып, рухты көтеруге көп күш жұмсауымыз керек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Абай

және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында, ұлы ойшыл Абайдың «толық адам» формуласын алға шығаруында үлкен мән жатыр.

Бұл, әрине, көп уақытты, тиянақты еңбек пен тынымсыз ізденістерді қажет ететін күрделі құбылыс.

Биыл әл Фарабидің 1150, Абай Құнанбайұлының 175, Алтын Орда мемлекетінің 750, Ұлы Женістің 75, Қазақстан Республикасы Конституциясы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдықтарын атап өтудеміз. Ел тарихында осындай елеулі оқиғалар мен ғұлама тұлғаларымыздың еңбектерін, рухани құндылықтарымызды жас ұрпақтың бойына сіңіріп, насихаттау мақсатында ауқымды мәдени-танымдық шаралар өтетін болады.

2019 – Жастар жылында, Сырдарияның сол жағалауынан бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі негізінде облыстық «Жастар орталығы» ғимаратын пайдалануға бердік. Жыл көлемінде орталық жұмысын 40 мыңға жуық аймақ жастары пайдаланды.

Биыл – Волонтерлар жылы. Волонтерлікті түрлі нағандық шара деп ұғынатындар кездеседі. Шын мәнінде, волонтерлік деген қазақтың өз дәстүрінде бар қасиет. Тек осыны жаңғыртуымыз керек.

Бұл ретте, Сыр өңіріндегі кәсіпкерлердің, белсенді қоғам өкілдерінің, үкіметтік емес ұйымдар мен жастардың бұған дейін де талай тәжірибе жинақтағаны белгілі. Енді атаулы жылы баршамыздың белсенділігіміз артады деп сенемін.

Спорт саласында өткен жылы Гани Мұратбаев атындағы стадион қайта жаңғыртудан, Жалаңтос баһадүр атындағы спортзалдың дарынды балаларға арналған мектеп-интернат-колледжінің ғимараты құрдыл жөнделген өтті, «Нұрст» теннис орталығының төртінші жабық қортының құрылысы жалғасуда.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында 6 спорт кешені пайдалануға берілді. Өңір спортшылары 2019 жылы ел чемпионаттарында 1457, Әлем және Азия чемпионаттарында 170 медальға қол жеткізді, 578 спортшы Ұлттық құрама сапына енді.

Өткен жылдың айтарлықтай жаңалығы – «Қайсар» футбол командасы 20 жыл уақыттан кейін екінші рет Қазақстан Кубогын жеңіп алды. Алдағы мақсат – Еуропа лигасында лайықты өнер көрсету (Евролига ойындары туралы ақпарат «Евроспорт», «Матч» халықаралық телерадиобалалар 200 елге таратылады. «Қайсар» футбол командасына Еуропа лигасында әр жетісі және төн ойыны үшін УЕФА есебінен қаражат қаржы түседі).

Жыл қорытындысымен Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі, Ұлттық Олимпиада комитеті ұйымдастырған «Алтын Самғау-2019» Ұлттық конкурсында «Үздік спорттық өңір» номинациясын жеңіп алдық.

Мойында керек, біз үшін әлеуметтік-маңызды сұрақтарды шешуіміз мемлекеттік-жекешелік әріптестік тәсілін пайдаланудың зор пайдасы тиіп отыр. Соның көмегімен 3-6 жас аралығындағы балалар мектепке дейінгі тәрбиемен және біліммен 100 пайыз қамтылды. Бүгінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде 72 пайыз балабақша жұмыс жасап тұр (573 балабақшаның ішінде 412).

Қазіргі таңда мемлекеттік-жекешелік әріптестік бойынша бізде денсаулық сақтау, білім, мәдениет, спорт, қоғамдық тәртіп, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және басқа да салаларда 142 жоба бар. Олардың 56-сы бойынша жобаларды іске асыру шарттарына инвесторлармен қол қойылды.

Бүгінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іріктеу барысында бюджеттен инвес-

тициялық шығындарды талап етпейтін, мемлекеттік тапсырыс немесе нарықта қызмет көрсету арқылы жұмыс жасайтын жобаларға басымдық беріледі.

Байқоңыр қаласында тұрып жатқан азаматтарымыздың әлеуметтік-экономикалық жағдайы ерекше назарда.

Сонғы 30 жылда алғаш рет «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы бойынша 2019 жылы 50 пәтерлік 5 үй берілді.

2020 жылы тағы 5 үйдің құрылысын бастағалы отырмыз (ЖСК әзірлену кезеңінде).

2019 жылдың қазан айында қаланың барлық көпөңірлі үйлерін (20427 пәтер) табиғи газға көшіру аяқталды, бұл тұрғындар үшін газ төлемін 16 есеге төмендетуге мүмкіндік туғызды.

Алдымыздағы 3 жылда қаланың су, көріз желілерін жаңғырту және қайта құру бойынша жұмыстар жоспарланды, жобалары дайындалуда.

Жылу тарифтерін төмендету мақсатында Байқоңыр қаласын жылу-электр станциясын қайта құру мәселесін Ресей тарапымен талқылап жатырмыз.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырысымен «Байқоңыр» еркін экономикалық аймағын құру мәселесі пысықталуда.

Еркін экономикалық аймақ және Тұжырымдамасының Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы Үкіметтері арасындағы Келісім жобалары Қазақстанның орталық мемлекеттік органдарымен сарапталуда.

Ардақты ағайын!

Өңірдің дамуына жаңа қарқын беретін бірқатар мәселелерді Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2019-2022 жылдарға арналған Кешенді жоспары шеңберінде шешілетін болады.

2019 жылы Кешенді жоспарға сәйкес қаржыландыру көлемі 34 млрд теңгені құрайтын (соның ішінде РБ – 13,9 млрд теңге, ЖБ – 14,6 млрд теңге және басқа көздерден – 5,5 млрд теңге) 60 іс-шараны атқару жоспарланған.

Нәтижесінде, 24 млрд теңгені құрайтын 51 шараны (оның ішінде 6 шара қаржыландыруы қажет етпейді) іске асыруға кірістік (РБ – 13,5 млрд теңге, ЖБ – 5,5 млрд теңге, басқа көздер – 5,5 млрд теңге).

Кешенді жоспардың аясында 2019 жылы 4774 кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік қолдау көрсетілді, 4 елді мекенді газдан-дыру жұмыстары, автожолдарды салу және жөндеуге қатысты 18 жобаның жұмыстары басталды, 14 жоба бойынша жобалау құжаттамасы әзірленуде (тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, экология, денсаулық сақтау, спорт) (ТЭН, ЖСК), облыс орталығында қатты-тұрмыстық қалдықтар полигоны іске қосылуда.

2020 жылы Кешенді жоспар бойынша 69 млрд теңге сомасында шараларды іске асыру, соның ішінде республикалық бюджеттен 52 млрд теңге бөліну көзделген (ЖБ – 13,8 млрд теңге, 3,5 млрд теңге – басқа көздерден).

Нақты айтқанда, республикалық бюджеттен ағымдағы кезеңге 20 млрд теңге бөлінген. Қазіргі таңда тиісті орталық органдармен бірге биыл қаражаттың толық көлемде бөліну мәселесін қарап жатырмыз.

Есепті кезеңде атқарылған жұмыстың барлығын берілген уақыт ішінде баяндап беруге мүмкіндік жоқ.

Өз баяндамада жұмыстың мейлінше маңызды деген тұстарына ерекше мән берген тырыстым.

Құрметті жерлестер!

Алдымызға қойған мақсаттарымыз асқақ, міндеттеріміз айқын екенін білеміз.

Менің облыс әкімі ретіндегі 2020 жылға арналған бірінші кезектегі іс-қимыл жоспарым әзірленуде. Сіздер онымен таныса аласыздар. Санаулы күндерде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

«Бірлігі бекем елдің берекесі де мол болмақ» деген халқымыздың дана сөзіне сүйенсек, жүйелі жұмыс пен нәтижелі еңбек болса, бұл мақсаттарымызға қол жеткізіп, міндеттеріміз береке бастауы болары анық.

Ол үшін Сіз бен біз туған жердің дамуына, бұдан да көркейіп, көріктенуіне аянбай еңбек етуіміз қажет. Бұл әрбіріміздің отбасымыз үшін, шаңырағымызды шаттыққа бөлеп отырған ұрпағымыздың жарқын болашағы үшін керек.

Осы ретте, біз жастарға үміт артамыз. Өйткені, көз ілесес даму үстіндегі бүгінгі кезең бізден заманауи білім мен жаңалықты, алға жылжуды талап етеді.

Жастарымыз ата салтымызды қастерлей отырып, әлемнің озық технологияларын меңгерсе – Сыр елінің келешегі де кемел болмақ.

Ал, аға буын мен зиялы қауымға жастардың рухани тәрбиесіне көңіл бөліп, ұлттық, адамгершілік құндылықтарды насихаттауда белсенді болуын тілеймін.

Біз қазір өзімізден бұрынғыдан да артық жауаптылық пен тиянақтылықты талап етеміз. Тек ауызбіршілігіміз мықты болып, ынтымағымызды ырысымыз деп білсек қана кез келген сығна, сынаққа төтеп беретінімізге сенімдімін!

Халқымызда мынадай тәмсіл сөз бар: «Бақ, қайда барасың?», дегенде, Бақ: «Ынтымағы жарасқан елге барамын!» деген екен.

Бүгінгі босағамыздың беріктігі, шаңырағымыздың биіктігі, түтініміздің түзулігі халқымыздың басына қонған бақ десек, сол бағымызды қадірлеп, қолда барды бағалай білейік, ардақты ағайын!

Алда бізді көптеген жаңа жетістіктер күтіп тұр, оған біз бірге жетеміз, бірлікте жетеміз!

Осы жолда халқыма, еліме адал қызмет етіп, барыныша еңбегімді сінірsem – бұл менің азаматтық парызым ғана емес, перзенттік борышым деп білемін.

Құрметті жерлестер!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бізге билік пен халықты арасындағы ашықтықты қамтамасыз ете отырып, тұрақты байланыс орнатуды міндеттегенін білесіздер.

Осы орайда, уақыттың мүмкіндігіне қарай, облыстың елді мекендерін барынша аралап, сұрақтарына жауап беріп, ұсыныс-пікірлерін тыңдап қайттым. Сонымен бірге, ай сайын бір күнімізді толығымен ел азаматтарының өтініш-тілегін тыңдауға арнап, қабылдаулар өткізіп келемін.

Шалғай орналасқан елді мекендердегі ауыл тұрғындарының облыс басшылығының қабылдауына кіру қолжетімділігін арттыру мақсатында онлайн-қабылдау функциясы жұмыс жасауда.

Есеп беру кездесуіме орай, менің атыма өңір тұрғындары тарапынан арыз-шағымдар, өтініштер, халықты толған-дырып жүрген өзекті мәселелер бойынша сұрақтар көптеп келуде. Осы мазмұнда ұсыныс-пікірлер облыс әкімінің сайтына да түсіп отыр.

Бірден айта кетейін, мұның ешқайсысы қараусыз қалмайды. Барлығына міндетті түрде жауап берілетін болады.

Бауыржан МӨСТЕКОВ, облыстық жастар ресурстық орталығының директоры.

2-бет.



Ұстаздардың ықыласы ерекше

Облыс басшысының есепті кездесуінен үлкен әсер алдым. Әсіресе, білім саласындағы өзгерістер қуантады. Мұнан өзге «Педагог» мәртебесінің заңды күшіне енуі мұғалім қауымына үлкен серпіліс әкелді десек, қателеспейміз. Жыл басынан бастап айлық жалақылары 25 процентке артып, қосымша сынып жетекшілік пен дәптер тексеру сияқты жұмыстарға үстемалы төлене бастады. Заң аясындағы көптеген өзгерістерді аудан, ауыл ұстаздары жылы қабылдады.

Біз, ұстаздар қауымы, мемлекет тарапынан білім саласына жасалып отырған барлық қамқорлықты



сезініп келеміз. Бүгінгі есептен есіткенімиздей, Сексеуіл кентіндегі темір жол өткелін кесіп өтіп, мектепке қатынауда қиындық көріп жүрген балалар мәселесі оң шешімін тапқалы тұр. 300 орындық жана мектеп салынатын болады. Сондай-ақ, аудан орталығындағы «Оқушылар үйінің» құрылысы күзге дейін бітіп, жана оқу жылында пайдалануға беріледі деген сенім бар. Облыс әкімінің әрбір істе бірлік, ымыралық танытып, жұмыла еңбек етуге шақыруы ұстаздарға да күш-жігер берді деп білемін.

Санира ЖАННАЗАРОВА, Арал аудандық білім бөлімінің басшысы.

Жастарды қолдау – болашақты ойлау

Өткен «Жастар жылында» ауқымды істер атқарылды. Аймақ басшысының есепті кездесуінде айтылғандай, Сырдарияның сол жағалауынан «Жастар орталығының» ашылуы Сыр жастарына көп мүмкіндік алып келді. Орталық қызметін бір жыл ішінде 40 мыңға жуық жас пайдаланған. Жастар арасындағы жұмысыздық мәселесі жылдан-жылға ішкіміз табууда. Жас кәсіпкерлер, оның ішінде жас отбасылардың бизнесін қолдау аймақта көрсеткіш жоғары. Біз алдағы уақытта ер салада жүрген жас отбасыларды тұрғын үймен қамту мәселесіне орай облыс әкімдігіне бағдарлама ұсынатын боламыз.

Биыл Мемлекет басшысы Қасым-



Жомарт Тоқаев өткен жылдың жалғасы ретінде Волонтерлар жылын жариялап, бұған облыс жастарының көпшілігі қызығушылық танытуда. Республикада алғашқылардың бірі болып облыс орталығында Еріктілер штабы құрылды. Мұнда оқыту жұмыстары жүргізіліп, әртүрлі бағытта атқарылатын еріктілік жұмыстарына түсіндірме жүргізіледі. Ерікті жастардың бұл қызметі еңбек өтіліне жазылып, тәжірибе жинақтауға, өзін көрсете білуге де мол мүмкіндік болып саналады.

Бауыржан МӨСТЕКОВ, облыстық жастар ресурстық орталығының директоры.

КЕҢЕСТІ ЖЕРДЕ КЕМДІК ЖОҚ, ТАТУ ЕЛДЕ ТАБЫС КӨП

■ СҰРАҚ-ЖАУАП

Есепті баяндамадан кейін облыс әкімі жиналғандар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

Мұрат Әлімбаев, облыстық мүдделер қоғамының төрағасы: – Инватәкә қызметіне бөлінетін қаржының көлемін ұлғайтуға мүмкіндік бар ма?

Облыс әкімі: – Мемлекет басшысының тапсырмасына сай бюджеттің 50 проценті әлеуметтік салаға жұмсалды. Биыл біздің облыстағы әлеуметтік салаға жұмсалған қаржы көлемі 64 процентке жетті. Инватәкә қызметіне бытыр 35 млн теңгеге жуық қаржы бөлінсе, биыл 30 млн теңгеден аса қаржы қаралды. Сондай-ақ алдағы уақытта 25 млн теңгеге дейін қаржы бөлу жоспарымызда бар. Өткен жылға қарағанда артық болмаса, кем болмайды.

Бөлекбай Бектурғанов, Арал ауданы, Сексеуіл кентінің тұрғыны: – Сексеуіл кенті темір жолдың екі бетіне орналасқан. Сол жағындағы 470-тей бала рельсті басып өтіп, мектепке баруға мәжбүр. Бұл жөнінде ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев баспасөз құралдары арқылы хабардар болып, мәселенің шешілуі жөнінде Үкіметке тапсырма жүктеген болатын. Сол аумақтан жана мектептің салынуы жөніндегі әңгіменің анық-қанығын айтып берсеңіз.

Облыс әкімі: – Бұл мәселемен айналысып жатырмыз. Қазір мектептің жобалық-сметалық құжаттамасы дайындалуда. Ол бойынша Үкімет басшысының орынбасарына, Білім министріне кіріп, проблеманы шешу жолдарын пысықтадық. Жалпы құны 800 млн теңгеге жуық. Мектеп бір ауысымда 300 баланы оқуына лайықталған, яғни, онда екі ауысымда 600 баланы оқумен қамтуға мүмкіндік бар. Жақын арада республикалық бюджет есебінен қаржы бөлінеді деп күтілуде. Содан кейін құрылыс жұмыстары басталамақ. Аталған аумақтан 400-ге жуық баланың теміржолдың екінші жағына келіп оқуы өте қауіпті.

Әріпбек Асанов, Жаңақорған ауданы, Ақуік ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы: – Жаңақорған ауданында жүргізіліп жатқан «Талап» топтық су құбырының құрылысы қашан бітеді? Елді мекендерге қашан таза су беріледі?

Облыс әкімі: – Аудан тұрғындарына таза ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында республикалық бюджеттен тиісті қаржы бөлінді. Қазіргі таңда осы бағытта тиісті іс-шаралар қолға алынған. Бұл жұмыстар кезінде «Ақбұлақ» бағдарламасы бойынша басталған, «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша ел игілігіне айналатын болады.

Барлыбай Биманов, Қызылорда қаласының тұрғыны, «ПетроҚазақстан» компаниясы ардагерлер кеңесінің өкілі: – Баяндамаңызда 3 шөгінді бассейнді зерттеуге қаржы бөлу жұмыстары жүргізіліп жатыр деп айтып өттіңіз, осы орайда облыстағы мұнай компаниялары қандай жұмыстар атқарып жатыр?

Облыс әкімі: – Облыстың жалпыөндіріс өнімінің 80 проценттен астамы мұнай кен орындарына, яғни, мұнай мен

газға тиесілі. Осыған байланысты мұнай саласын өркендетуіміз керек. Бытыр 2018 жылға қарағанда 1 млн 100 мың тонна мұнай кем өндіріледі деп болжанған болатын, бірақ жыл аяғында 830 мың тонна кем өндірілді. Мұнай компанияларының 3000 метрге дейін қосымша ұңғымалар қазуының нәтижесінде 300 тоннаға дейін мұнай үнемделді. Биыл да мұнай компаниялары өз қаражаты есебінен осындай жұмыстар жасамас. Мұнай компаниялары өз тарапынан, біз өз тарапымыздан қажетті шаруаларды істейтін боламыз.

Қалдыбай Сүгірбаев, Шиели ауданының тұрғыны, зейнеткер: – Біздің аудан тұрғындары толғандырып жүрген бір мәселе – жеке көліктер көбейген сайын теміржолдан өту қиындап барады. Осыған байланысты теміржолдың үстінен көпір салуға көмектессеніз екен?

Облыс әкімі: – Шиели ауданы бойынша теміржолдың үстінен салынатын аспалы көпірдің жобалық-сметалық құжаттамасы дайындалды. Қазіргі кезде жұмыс атқарылуда.

Елубай Молдашев, Қызылорда қаласының тұрғыны, зейнеткер: – Жедел жәрдем шақыра қалсаңыз, көліктері ескі, қиындап келеді. Жана автокөліктер қашан беріледі екен?

Облыс әкімі: – 2017 жылы облыста жедел жәрдем бригадалары біріктіріліп, 77 бригада жа-

Мұрат Жаңабегенов, Жаңақорған кентінің тұрғыны: – Облыс аудандары ішінде типтік жобадағы спорт кешені жоқ бірден-бір аудан – Жалағаш. Ауданда спортты дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жетерлік. Әлем және Азия чемпионы атанған спортшыларымыз бар. Алдағы уақытта ауданнан жанадан спорт кешені салу жоспарда бар ма?

Облыс әкімі: – Елді мекендерге мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында әлеуметтік

Жоғары және орта оқу орындарында оқитын студенттердің барлығын 2022 жылға қарсы жатақханамен қамтамасыз ету керектігі айтылды. Облыс бойынша ЖОО-ларда жатақхана мәселесі туындап отырған жоқ. Бірақ 10 колледжде бұл проблема бар. Жақын арада жоғары медициналық колледжде 330 орындық жатақхана берілді. М.Ысханов атындағы колледжде Бейбарыс Сұлтан көшесінен келер жылы 200 орындық жатақхана берілетін болады.

Эрик Теңізбаев, Қызылорда қаласының тұрғыны: – «Қорқыт Ата» әуежайының жаңа терминалы қашан салынады және «FlyArystan» әуекомпаниясының ұшақтары қашан ұшады?

Облыс әкімі: – «Қорқыт Ата» әуежайының жолаушылар терминалы салу көптен тұрғындар назарынан түспей келе жатқан мәселе екенін білемін. Жобаны мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында іске асыру жоспарымыз отыр. Құрылысы биыл басталады деп күтілуде. Ал, «FlyArystan»-ға келсек, қазіргі таңда «Қорқыт Ата» әуежайы АҚ мен аталған әуекомпаниясы арасында келісім-шарт жасалды. Наурыз айының ортасынан бастап бірнеше бағытта жолаушыларды тасымалдау ұйымдастырылады. Сондай-ақ, наурыздың аяғынан бастап «Аэрофлот» компаниясының ұшағы халықаралық «Мәскеу-Қызылорда-Мәскеу» бағытында аптасына 4 рет ұшатын болады.

Облыс әкімінің халық алдындағы есеп беру кездесуінде Call-орталыққа келіп түскен сауалдар легі де аз емес. Солардың ішінде тұрғын үй мәселесіне қатысты 2, жұмыспен қамту және әлеуметтік қамсыздандыру бойынша 3, білім саласына байланысты 1, денсаулық сааласына қатысты 5, кәсіпкерлік саласы бойынша 3, ауылшаруашылық мәселесі бойынша 5, жер мәселесі жөнінде 1, басқа да мәселелер бойынша 19, барлығы 24 сауал келіп түскен.

Есепті кездесуде мұнан өзге де бірқатар сұрақтарға жауап берілді. Сондай-ақ жолданған әрбір сауал жауапсыз қалмайтыны айтылды.

Айнұр БАТТАЛОВА, Әділжан ҮМБЕТ, «Сыр» ББТ, Суреттерді түсірген Бағдат ЕСЖАНОВ, Нұрболат НҮРЖАУБАЙ.



Оны 2020 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланған. Нәтижесінде аудандағы 30-ға жуық елді мекен таза су тұтынатын болады.

Сәрсенкүл Жұматаева, Байқоңыр қаласының тұрғыны: – Осыдан екі ай бұрын өт жолында тас бары анықталған болатын. Дәрігерлер Қызылорда немесе Алматы қалаларына барып, ота жасату керек екенін айтады. Отадан кейінгі қалпына келтіру процесі де ұзақ уақытты алатын көрінеді. Осы орайда сұрайын дегенім, үлкен қалалардағыдай ота жасау мүмкіндігі Байқоңыр қаласында қашан болады?

Облыс әкімі: – Байқоңыр қаласы бойынша тиісті жұмыстар атқарылып жатыр. Өткен жылы мұндағы аурухана облыстық медицина орталығының филиалы болған. Қазір ол көпбейінді аурухана мәртебесін алды. Осыдан кейін оның ішіне жана

көпір пайдалануға берілді. Бұл ұзақ жылдан бері келе жатқан түйткілдің оңды шешілуіне негіз қалады. Ендігі кезекте Қарлау аумағынан да осындай көпір салына деген ұсыныс бар. Сол арқылы аталған аумақта орналасқан 10-нан астам елді мекенде тұратын 10 мыңнан астам тұрғынның мұн-мұқтажы шешілер еді.

Облыс әкімі: – Жылдың басында елді мекендерді аралағанда бұл мәселемен таныстым. Қазір жол тұрған қалқымалы көпір жол қатынасына қиындық келтіреді. Осы бағытта жобалық-сметалық құжаттамасын дайындауға облыстық бюджеттен қаржы қарастырдық. Алдағы уақытта бюджет нақтыланады. Сол кезде бюджетке енгізуге мән беретін боламыз. Оған байланысты тиісті министрліктермен алдын ала келісім жасалған. Аталған мәселе тауу уақытта оң шешімін табады.

сакталды. Оларда 100-ге жуық автокөлік бар. Өкінішке қарай көліктердің 70-80 процентінің тозығы жеткен. Бытыр 73 көлік алынды. Оның 50-ден астамы елді мекендерге берілді де, қалғаны қалаға табысталды. Биыл да 30-ға жуық жана санитарлық автокөлік алғамыз келіп отыр. Бюджетті нақтылау кезінде мүмкіндікке қарай бұл мәселе тағы көңіл бөлінеді.

Болат Нұрқожаев, Қызылорда қаласының тұрғыны: – Қоқыс алаңы жанадан салынды, бұрынғы қоқыс алаңының ортін сөндіру жұмыстары қашан жүргізіледі?

Облыс әкімі: – Қаланың Белкөл аумағында орналасқан қатты тұрмыстық қалдықтарды тастайтын полигон бар. Ол жақында жабылады. Онда мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде зауыт іске қосылады. Ескі қоқыс алаңы да сол кезде жабылады.



нысандар салынып жатыр. Жалағаш ауданының бірнеше елді мекенінде де жана нысандар бой көтерді. Жалағаш кентіне келсек, әрине, салыну керек. Аудан әкімі жобалық-сметалық құжаттарын дайындайды. Негізі мұндай нысандар мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында салынғаны жөн.

Жұлдызай Маханалиева, Сырдария ауданы, Амангелді ауылының тұрғыны: – Менің балам Қызылорда қаласындағы М.Ысханов атындағы политехникалық колледжде оқиды. Өзіміз ауылда тұрғандықтан, ұлымның пәтер жалдап жүр. Жатақхана мәселесі қашан шешіледі?

Облыс әкімі: – Жатақхана жайы бүгінгі күннің өзгені мәселесіне айналған. Оған байланысты ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өткен жылы Үкіметке де, облыс әкімдеріне де тиісті тапсырмалар берді.

■ НАЗАР

Тұтынушылар құқығы қалай қорғалады?

Өткен жылы елімізде Сауда және интеграция министрлігі құрылған болатын. Осыған байланысты Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің облыс бойынша департаменті үш мемлекеттік органға бөлінді. Солардың бірі – Сауда және интеграция министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің облыстық тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті. Газет тілшісі департаменттің міндеттері, құрылымы, жұмыс сипатына қатысты оның басшысы Ерқасым Сүлейменовпен әңгімелескен еді.

– Алдымен оқырмандарға мына мәселені басты айтқым келеді. Департамент базасында тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша «Қауырт желі» жұмыс жасайды және облыс тұрғындарына тегін кеңес беріледі. Сонымен қатар, мамандар тарапынан азаматтарды қабылдау жүргізіледі. Олардың ауызша немесе жазбаша өтініштерін қарап, шешімдер қабылдайды, кеңес береді, сатушылар атына наразылық сотқа талап арыз әзірлеуге және басқа да әдістемелік көмектер көрсетіледі.

Жалпы жүргізілген талау департаментке келіп түскен өтініштердің көпшілігі бөлшек сауда мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына тиесілі екендігін көрсетті. Өтініштер бойынша қолданыстағы заңнамаларға сәйкес тиісті жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, өтініштер тиісті сападағы тауарды айырбастау

немесе қайтарып беруге, сапасыз тауарларды ауыстыруға немесе ақшасын қайтаруға, сатушыдан тауарды сатып алу фактісін растайтын құжатты алуға, жылумен жабықтау қызметіне, электр қуатымен жабықтау қызметіне және т.б. арналған.

Енді сіздердің құқықтарыңыз туралы бірер сөз айтқым келеді.

Тиісті сападағы, яғни қалыпты, бірақ сізге осы немесе басқа себептер бойынша, мысалы, өлшемі, түсі, фоны бойынша ұнамай қалған тауарды қайтару үшін сатушыға 14 күн ішінде жүргізілуі қажет. Егер сәйкессіздікті 15 күнде анықтаған болсаңыз, оны ауыстыру мүмкін болмайтындығымен келсуге тура келеді. Сатушы сізді кері қайтарды және ол дұрыс. Егер сатушы 14 күнге дейінгі мерзімде оны айырбастаудан бас тартатын болса, шындық сіздің жағыңызда. Айтпақшы, сатушы тарапынан



мерзімдер бойынша сұрақ туындайтын болса, оған тиісті сападағы тауарларды қайтару мерзімдері «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңының 14-бабымен реттелетіндігін хабарлай аласыз.

Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар, іш киімдер, шұлық-ұйық бұйымдарын, жануарлар мен өсімдіктерді, метрлен сатылатын тауарларды, атап айтқанда, барлық түрдегі талшықтардан жасалған маталарды, тоқыма және перделік кеңеп матаны, жасанды теріні, кілем бұйымдары,

тоқыма емес материалдарды, ленталарды, шілтерлерді, таспаны, сымдарды, бауларды, кәбілдерді, линолеумды, багетті, пленканы, клеенканы, ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларды айырбастауға немесе кері қайтаруға болмайтынын ескерткім келеді.

Тиісті сападағы емес, яғни егер кемшіліктері немесе ақауы анықталған тауар туралы айтып өтсек. Егер сатып алған тауарға кепілдік мерзімі белгіленген болса және кемшіліктерді осы кезеңде

анықтасаңыз жарамдылық мерзімі аяқталғанға дейін талаптарыңызбен жүргінуге тиіссіз. Егер тауарға кепілдік мерзімі немесе жарамдылық мерзімі белгіленбесе, сатылған тауардағы кемшіліктер тауар тұтынушыға берілген күннен бастап екі жыл ішінде, тұтынушы тауардың кемшіліктерімен байланысты талаптарды қоя алады. Осы нормалардың барлығы «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңының 17-бабында көрсетілген. Сатушыға осыны айтып, дүкенге келгенде өз құқықтарыңызды қорғай аласыз.

Тұтынушы тауардың кемшілігін тапқан жағдайда әдетте сатушыға жүргінеді және өз құқықтарын қанағаттандыруы талап етеді. Ал көп жағдайда сатушы онымен келіспейді және тауарды сатып алушы бұлдіргендігіне сендіргісі келеді. Бұл жағдайда екі тарап арасында дау туындайды. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңының 30-бабы 2-тармағы тұтынушы тауардың кемшіліктерін тапқан және ауыстыру туралы талап қойған жағдайда, сатушы оны дереу ауыстыруға, ал сатушыға тауардың сапасын қосымша тексеру (сараптама жасау) қажет болғанда тиісті талап қойылған кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде ауыстыруға міндетті екенін көздейді. Тауар сапасын қосымша

тексерудің (сараптаманың) құнын сатушы төлейді. Егер тауарды тексеру нәтижесінде кемшіліктер жоқтығы, тұтынушы пайдаланған, сақталған кезде белгіленген қағидаларды бұзуы, үшінші тұлғаның іс-әрекетінен не еңсерілмейтін күштің салдарынан пайда болғаны белгіленсе, тұтынушы сатушыға тексеру жүргізуге жұмсалған, сондай-ақ оны жүргізуге байланысты тауарды тасымалдауға жұмсалған шығындарды өтеуге міндетті. Тұтынушы сапаны тексеруге және тауарға сараптама жүргізуге өзі немесе өзінің өкілі арқылы қатысуға, сондай-ақ тауарды тексеруді өз есебінен жүргізуге құқылы.

Кем өлшеу, таразыдан, есептен жеу, тауардың (көрсетілетін қызметтердің) тұтыну қасиеттерін немесе сапасына қатысты тұтынушыларды жаңылыстыру немесе өзгедей алдау – «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» кодексінің 190-бабына сәйкес жаза көзделген әкімшілік құқық бұзушылық. Осы құқық бұзушылықтар анықталған кезде тұтынушыға істерді қарау және әкімшілік жауапкершілікке тарту құзыретіне кіретін ішкі істер органдарына жүгіну қажеттігін, сондай-ақ біздің департаментке жолығуға болатынын ескерткіміз келеді.

Ж.ӘЛМАХАН.

ЖАРИЯ ТЫНДАУ

Электр қуатының бағасы өсе ме?

«Достық» үйінде Табиғи монополияларды реттеу комитетінің облыс бойынша департамент басшысы Гүлмира Өтегенованың торағалық етуімен жария тыңдау өтті. Аталған шара бір ғана мәселеге – «Энергосервис» ЕЖШС-ның электр энергиясымен жабдықтау қызметі бағасын өзгертуге арналды. Оған депутаттар, жергілікті атқарушы және мемлекеттік органдар, бұқаралық ақпарат құралдары, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері қатысты.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.



«Энергосервис» ЕЖШС-ның директоры Еркебулан Есенбаев хабарлама жасап, өзі басқаратын құрылымның электр энергиясымен жабдықтау қызметі бағасын алдағы уақытта өзгерту туралы ұсыныс түсірілгенін жеткізді. Ұсыныс ҚР Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы «Қоғамдық маңызды бар нарықтарда баға қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес беріліп отыр. Серіктестік басшысы мұндай қадамға баруға мәжбүр етіп отырған нақты себептерді атап өтті.

Бүгінгі таңда еліміздегі электрстанциялар өндіріп жат-

қан электр энергиясы 5,7%-ке, электр қуатының жүктемесі көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсететін қызметінің құны 30,4%-ке және «КЕГОК» АҚ-ның желілері бойынша электр энергиясын тасымалдау бағалары 12,1%-ке өсіп отыр. Осыған байланысты «Энергосервис» ЕЖШС-ның электрмен жабдықтау қызметі бойынша қазіргі қолданыстағы тарифімен салыстырғанда жобалық орташа босату бағасын 15,7% шамасында өзгерту туралы 29 қаңтарда ұсыныс берілген.

Ұсыныста көрсетілгендей, бұл жағдайда жеке тұтынушы-

ларға арналған тариф 7-8% көлемінде өседі. Мәселен, жеке тұтынушыларға арналған қолданыстағы тариф қосымша құнға салынған салықты есептемегенде 15,01 тенге болса, енді 15,91 тенгеге дейін көтерілуі мүмкін. Ал заңды тұлғалар мен бюджеттік мекемелер үшін басқа тариф ұсынысы берілген.

Мұнан соң жария тыңдауға қатысушылар мәселеге қатысты ойларын ортаға салды. Мәселен, тарифтің өзгеруі кәсіпкерлік нысандар өндіріп отырған өнімдер бағасына әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, қаланың бірқатар бөлігінде кешкі уақытта жарықтың берілуі нашарлап кететіндігі айтылды. Оған қатысты «ҚЭТТК» АҚ өкілі Айнур Жаналиева қаланың көптеген аудандарында электр желілерінің тозуына орай оларды қайта жаңғырту жұмыстары жүріп жатқанын мәлімдеді. Ал бюджеттік мекемелер үшін тариф тым қымбат болуы мүмкін деген сұраққа Г.Өтегенова Қазақстанның көптеген облыстарымен салыстырғанда бізде төмен болатынын нақты деректерді келтіріп жауап берді.

Департамент басшысы бағалардың өзгеруін негіздеуге қатысты ұсынылған құжаттар бойынша сараптама жұмыстары жүргізіліп жатқанын хабарлады. Ол жария тыңдауда айтылған сын-ескертпелер мен ұсыныс-пікірлерді ескере отырып, соңғы шешім 2020 жылдың 28 ақпанында қабылданатынын жеткізді.



«Ат кісінескенше, адам түсініскенше» демекші, осы кездесуде алған әсерімен болар, ол кісімен өмір бойы бірге жүргендей сезімде болдым. Амап қанша, тағдыр бізге төрт жарым жыл ғана араласуды жазыпты. Екі жастың отбасында дастарханас болып, ағайын-бауырдай, сырлас достар сияқты шүйірлесіп, маз-майрам болушы едік. Мен келмей өлі кісі дастархан басына отырмаушы да еді.

Өткен ғасырдың отызыншы жылдары дүниеге келген Бекен аға өзінің «Парыз бен қарыз» және «Бейнет пен зейнет» атты гүмбірнамалық кітаптарында кеңестік заманда ел басына түскен ауыртпашылықтармен, қайғы-қасіреттермен сабақтастыра отырып, көкірімізді шындықпен ашық баяндайды. Сол ашаршылық, жоқшылық жылдардағы еңбекші қазақ халқының ауыр тұрмысын, әрбір отбасының, жеке адамның басындағы жан тәзгісіз ауыртпашылықтарды анық көрсетеді.

Бекен аға жеті жасында әкеден айырылып, сәби күнінен бастап отбасының үлкені ретінде анасы Бибайшаға қолғанат, артынан ерген Тұрсынбай қарындасы мен інісі Шахмарданға (Шөменге) қамқор болады. Отбасының күнделікті тірлігінен басқа анасымен бірге күнкіріс мақсатында ауыл артелінің, кейінірек колхоздың қара жұмысына араласады. Осындай тауқыметпен жүрсе де өз қатарынан қалмай сегіз жасында мектеп табалдырығын аттайды. Мектептен қолы бос кезінде де әдет бойынша қолхоз жұмысын істейді. Өзінің бойына біткен табандылық пен өжеттілік, намысшылдығы арқасында мектепте озып қатарында болады. Он үш жасар еңбекшілік, қайсар, балғын баланың осындай еңбектері жоғары бағаланып, 1946 жылы маусым айында КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Ұлы Отан соғысы жылдарында көрсеткен Ерен Еңбегі үшін» медалімен марапатталды! Үлкен құрмет емес пе?! Бұл Бекен ағаның ұзақ, баянды өмір жолындағы көп марапаттарының алғашқысы еді.

Оның басына түскен ауыртпашылықтар жоғарыда айтылған қиындықтармен аяқталмайды. 1940 жылы әкесі Байқозыұлы Мұса дүниеден өткесін жеті, төрт, екі жасар үш баламен отыз төрт жасында жесір қалған анасы Бибайша балалары үшін отқа да, суға да түседі. Бүкіл ел қиналған сол ауыр тұста «әкесі жоқ, жетім» атандырмаймын деп балалары үшін жанын аямай тірлік жасайды. Тан атқаннан қас қарайғанша үлкен баласы Бекенмен ауыл артелінің, кейін колхоздың ауыр жұмыстарына араласып, күнкіріс үшін аянбай тер төгеді. Жас балаларының келешегін уайымдап, анасы Бибайша созылмалы жүрек ауруына шалдығады. Бұл сұрапыл соғыс жылдары еді. Тарығып, қиналып отырған отбасына көмек берудің дейтін ағайынның көрген күндері де осындай. Бүкіл халықтың басына түскен қасіреті мол заманда еңбекшілерге пұл (ақша) емес, қолхоз басшылары мүмкіндік болса ғана әр отбасына шамалан ағарған, азынаулақ жүгері, сұлы, арпа-бидай беретін. Үкіметтің бұл көмегі талғажау етуге де жетпейтіндіктен, жұрт есік алдына көкөніс егіп күн көретін. Саз балықтан өздері тұрғызған, кішкене дәліз бар бір бөлмелі үйдің алдындағы алақанды жерді аударып, суарып, отап баптау да үйдің үлкені – Бекеннің міндеті еді.

Ол сәби кезінде талма, сүзек, сары

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

Бекен Мусаулы – Қаракерей Қабанбай батырдың сенімді серігі, көзі тірісінде өз руының ұранына айналған жаужүрек батыр Боранбай би Қалқаманұлының тікелей ұрпақтарының бірі. Қоғам және мемлекет қайраткері. «Түсі келгеннен тікелей» деген. Ұзын бойлы, жан жылылығын сездіріп тұратын ағаны алғаш көргенде риза болдым. Қолына ұстаған ақ тағы болмаса, сексенді алқымдаған деп ойламайсың анық. Өте тартымды, бітімі келіскен кісі екен.

ауруға шалдығып, бірнеше рет өлім аузынан қалады. Сегіз жасында мектеп табалдырығын аттап, озып оқушылар қатарында орта мектепті де, жоғары оқу орнын да үздік бітіреді. Ұстаздық мамандық алып, еңбек жолын жолдама бойынша Өзбекстанның Орта Шырық ауданында өзбек-қазақ мектебінде оқытушы болып бастайды. Бір жылдан соң ауылдағы анасының науқастығына байланысты арнайы рұқсатпен өзінің туған жері – Шилелі ауданына оралып, 1953-1960 жылдар аралығында ұстаздық қызметін үлкен абыроймен атқарады.

Науқасы асқынып, төсек тартып қалған анасының: «Бекенжан, інің мен қарындасына әке орнына «әке», ана орнына «ана» болатынына сенімім мол. Оларды бірінші Құдайға, екінші өзіне тапсырдым, саған ризамын. Адамда арман таусылған ба, осындай халде жатсам да менің бір арманым бар, күнім! Қанша уақытым қалды дейсің, көзіңнің тірісінде келін түсіріп, сенің шаңырақ көтергеніңді көрсем деп армандаймын. Осы арманым орындалса, маған мұнан асқан бақыт болмас еді! Тағдырдың басқа салған барлық тауқыметін ұмытып, мәңгілік мекеніме ризашылықпен кетер едім...» деген өтінішін орындап, 1955 жылы жиырма екі жасында Қалдыгүл есімді, көркіне ақылы сай, биязы мінезді, адал, қарапайым да ақжарқын, еңбекқор қызға үйленеді. Баласының отау тігіп, шаңырақ көтергенін өз көзімен көріп, арманының орындалғанына «шүкіршілік» ете ақ батасын берген анасы Бибайша екі айдан соң қырық тоғыз жасында да соңғы сапарға аттанады.

Өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын, білімді жас маманға үлкен сенім білдіріп, аудан басшылары Шилелі аудандық оқу бөлімінің әдістемелік бөлімі басшылығына ұсынады. Бір жылдан соң коммунист Бекен Мусаев Шилелі аудандық партия комитетінің нұсқаушысы қызметіне тағайындалады. 1963 жылы қызметінде табысты нәтижелер көрсеткен, жан-жақты білімді, заман талаптарына сай партия және мемлекет саясатын жетік меңгерген жас коммунист Бекен Мусаев Шилелі аудандық партия комитетінің нұсқаушысы ретінде жана қызметке орналасады. Облыс орталығынан бөлінген екі бөлмелі үйге көшіп, қала, облыс аудандарының партиялық іс-шараларын атқарады. Бұл кезде ағаның отбасында жеті адам болатын. Бір адамның айлық табысы жетпеген соң, Бекен аға сол кездегі республикалық, облыстық, аудандық бұқаралық ақпарат құралдарына жиі мақалалар жазып, оған түскен қаламақыны отбасы қажетіне жарататын.

Анасының айырлылығы Бекен ағаның өмір жолындағы көрген соңғы ауыртпашылығы емес еді. Сүйіп қосылған жары Қалдыгүл, дүниеге бес бала келген соң созылмалы жүрек ауруына шалдығады. Өзі қамқор болып аялап өсірген Тұрсынбай қарындасы мен Шахмардан інісін үлкен өмір жолына салып, енді бой жаза бастағанда, оған қызмет арасында науқас жолдасын күнделікті емдету-күту, балаларының қамын жасау – барлық отбасы тірліктерін аса шыдамдылықпен, өз күшіне ғана сеніп атқаруға тура келді. Балабақпадан алып келе жатқан жолда, екі баланың бірі – үш жасар кенжетайы Марат әке қолынан суырлылып шығып, көшедегі жүк машинасының астына түсіп, мерт болады. «Баламды өз қолыммен өлтірдім» деген уайым-қайғы Бекен ағаның жас кезіндегі сырқаттарын қозғап бірінші рет инфаркт алады. Денсаулығы сыр бере бастаған әйелі кенжетайынан айырылған соң, ауыр қайғы салдарынан алаңсыз төсек тартып, мүгедектік халге жетеді. Жұбайының ыстық ықыласы, аса құрметі мен төзімділігі арқасында төрт баланың ер жетіп, білім алып, жеке шаңырақ көтергендеріне куә болып, еңбек-салты немересін көріп, Бекен ағаның сүйікті жары, балалардың мейірімді

анасы – Қалдыгүл 1995 жылы 59 жасында ұзаққа созылған науқастан дүние салады.

Осындай жағдайда жүрсе де Н.Гоголь атындағы Қызылорда пединститутының «Табигаттану» факультетін үздік бітірген Бекен аға өз білімін одан әрі жетілдіру мақсатын алға қояды. 1969 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясында «Қазақстанның онтүстік партия ұйымдарының механизатор кадрларын даярлау жұмыстары жайлы» зерттеу тақырыбын бекітіп, кандидаттық диссертация жаза бастайды. Диссертацияны қорғау алдында ұзақ мерзім емделу қажеттілігіне байланысты оның бұл мақсаты орындалмай қалады. Осындай сәтсіздіктерге мойымай, Бекен аға 1974 жылы КПСС Орталық Комитетінің Жоғарғы партия мектебін бітіреді. Денсаулық жайын сйлтау етпей, отбасы қиыншылығына мойымай көп нәтижелерге жетеді. 1963-1980 жылдары облыстық партия комитетінде түрлі жауапты қызметтер атқарады, бұл салада мол тәжірибе жинайды. Бұдан соң ол облыстық партия комитетінің ұсынысымен Қызылорда облыстық Кеңесі атқару комитетінің жауапты хатшысы қызметіне тағайындалады.

Бекен аға: «Менің бар байлығым – балаларым және Отаным, халқыма жасаған адал қызметім!» деп, ерекше және орынды мақтанатын. Осы қызметтерде жүріп, бірнеше рет облыстық кеңестің депутаты міндеттерін де ел алдында үлкен абыроймен атқарды. Қоғамға сіңірген адал еңбегі жоғары бағаланып, облыстық атқару комитеті мен облыстық партия комитеті тарапынан бірнеше мақтау грамоталарымен, республика Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасымен, бірнеше медальмен марапатталады. 1994 жылы республикалық дәрежедегі құрметті зейнеткер болды.

Саналы өмірін халық арасында өткізген Бекен аға алдағы өмірінде де халықпен бірге болуын мақсат тұтып, түрлі әлеуметтік-тұрмыстық және қоғамдық ұйымдардың мүшесі ретінде қала зейнеткерлері ұйымының көптеген жұмыстарын үлкен абыроймен атқарады. Негізгі мамандығы география пәнінің оқытушысы болғандықтан, және халыққа белгілі қоғам және мемлекет қайраткері ретінде студент-жастарға дәріс, тәлім-тәрбие беруін өткізген «Сейхун», «Қазақ-Қытай университеті» басшыларының шақыруын қабылдап, аталған оқу орындарында ұстаздық қызмет жасайды.

Өмір – өзен. Өзеннің келенсіз бұрлысына, кедергілері, алып-бұдырлары болатыны белгілі. Осы кедергілерден еңбексүйгіштігімен, адалдығымен, сүрінбей өте білген адамгершілігі мол, ой-парасаттылығы терең азаматтың бүкіл өмірі қиыншылықпен өткенін білетін ағайын, құрбы-құрдастары мен балалары әкелерінің қасында өмір серігі болғандығын қалайды. Осылайша 1998 жылы Бекен аға Аида Көмекбайқызы Қаракөзованы отбасын құрады. Бекеннің «Менің өмірімнің ең бақытты кезеңі – Аякөкпен тұрған он жеті жылдық ғұмырым» деген ыстық лебізі, жүрекжарды сөзі – сол кезеңнің сипаты сынды.

Бүгінгі күні оның ұрпақтары елге танымал, қадірлі азаматтар. Барлығы жоғары білімді, кәсіби мамандар. Үлкен Нұрлан – мектеп мұғалімі, «Қазақстан білім беру ісінің үздігі», Қызылорда қалалық мәслихат депутаты, қызы Соуле ұстаз, зейнеткер, ортанышы ұлы Бакытжан да, кенже ұлы Болат та – келін түсіріп, ата атанып отырған бақытты шаңырақ иелері.

Кейінгі буынаға Бекеннің гиратты қаламы тәлім болса деген оймен қолға қам алдым. Сыр өңірінде оның есімі ұмытылмақ емес, Қызылорда халқынан не Шилелінен бір көшеге Бекен Мусаевтың есімі берілсе деген ойымды да жеткізім келеді.

Раушанбек САИМАНОВ.

Меморандумға қол қойды

Биыл еліміздің Әділет министрлігі тарапынан адвокаттар мемлекеттік кепілдік берген заң көмегін көрсеткен кезде азаматтардың, процеске қатысушылардың құқықтары мен заңды мүддесінің бұзылуын анықтау мақсатында тиісті іс-шаралар қолға алды.

Қызылорда қаласындағы «Достық үйінде» «Жеке тұлғаларға мемлекеттік кепілдік берген заң көмегін көрсетуді ұйымдастыру мәселесі бойынша өзара ынтымақтастық туралы» меморандумға қол қойылды. Оған облыстық әділет департаменті, облыстағы барлық құқық қорғау органдары және адвокаттар алқасы қолдау білдірді.

Аталған шара барысын-

да облыстық әділет департаментінің басшысы Ирина Бөкешева меморандумның мақсатына тоқталды. Оның айтуынша, адвокаттардың мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуі кезінде азаматтардың, процеске қатысушылардың құқықтары мен заңды мүддесінің бұзылуын анықтау, алдын алу мәселесіне назар аударылады. Нәтижесінде әрбір азамат сол

арқылы мемлекет кепілдік берген білікті заң көмегімен қамтамасыз етіледі. Адвокаттар көрсететін мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы төлеуде бюджет қаржысын тиімді пайдалана алады.

Қазір облыста адвокаттар саны артып келеді. 2015 жылы өңірде 91 маман осы қызметті атқарса, олардың саны 139 адамға жетіп отыр. Бүгінде 122 адвокатпен арнайы келісім-шартқа қол қойылды. Былтыр 7 мыңнан астам адамға тегін заң көмегі көрсетілген.

«СБ» ақпарат.

БРИФИНГ

Денсаулық және өмірлік дағдылар

Өмірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Bilim Foundation» қоғамдық қорының директоры Берік Рақушев пен облыстық білім басқармасының бөлім басшысы Шолпан Жүнісова «Денсаулық және өмірлік дағдылар» сериясы бойынша балалар мен жасөспірімдер психологиясына арналған кітаптар жиынтығын таныстырды.

Айнұр БАТТАЛОВА.



Жиынтық 19 кітаптан тұрады. Аймақ мектептеріне 343 кітап жиынтығын тарату қолға алынған.

– «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының атынан әлеуметтік маңызды жобалар-

да облыстық әділет департаментінің басшысы Ирина Бөкешева меморандумның мақсатына тоқталды. Оның айтуынша, адвокаттардың мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуі кезінде азаматтардың, процеске қатысушылардың құқықтары мен заңды мүддесінің бұзылуын анықтау, алдын алу мәселесіне назар аударылады. Нәтижесінде әрбір азамат сол

логиялық тұрғыда дамыту мақсатында дайындалды. Қазақ және орыс тілдерінде шығарылған еңбектер қазір қолданыста беріледі, – делі қоғамдық қор директоры.

Жиынтықтағы кітаптар тақырыбы балалар мен жасөспірімдерде кездесетін ата-аналардың ажырасуы, эмоциялық мәселелер, қошу, мектеп ауыстыру, оған бейімделу, қорқыныш, депрессия секілді қиындықтарға арналған.

Жиынтықты ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің республикалық ғылыми-практикалық психикалық денсаулық орталығы мақұлдаған. Бұл мектеп психологтарына көмекші құрал болып саналады.

Шолпан Жүнісова жиынтықтың балалар мен жасөспірімдердің психикалық саулығын арттыруға көмектесетінін, ата-аналар мен мұғалімдерге баламен жұмысты дұрыс ұйымдастыруға үлкен ықпал ететінін айтты. Кітап жиынтығы қалалық мектептерге екі данадан, аудандық білім ұяларына бір данадан беріліп, облыстың 288 мектебі және 7-10 сыныптардың 37000-нан астам оқушысы қамтылады деп күтілуде.

ды жүзеге асыратын «Samruk-Kazyna Trust» қорымен әріптестіктің нәтижесінде балалар психологиясына арналған кітаптар шығарылды. Бұл кітаптар балалар мен жасөспірімдерді эмоционалды-психологикалық тұрғыда дамыту мақсатында дайындалды. Қазақ және орыс тілдерінде шығарылған еңбектер қазір қолданыста беріледі, – делі қоғамдық қор директоры.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті Қызылорда облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2020 жылғы 1 тоқсанға арналған жеке заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

Table with 5 columns: T.A.Ә., Атқаратын лауазымы, Қабылдау күні, уақыты, Мекен-жайы, Байланыс телефоны. Rows include Dauletova Galina Nogayevna and Myrzagalieva Aigul Abayeva.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы» Заңдары талаптарының бұзылуына жол бермеуі және оның алдын алу мақсатында департаментте арысшағым жәшігі орнатылған, сонымен қатар 8(7242) 27-05-47 сенім телефоны жұмыс жасайтындығын хабарлайды. Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, 120014, Қызылорда қаласы, Төле би көшесі, 36. Электрондық пошта: kadry.kksonkyzylorda@edu.gov.kz

Онкоскрининг қызметі тегін

Қызылорда облыстық онкологиялық орталығының мәліметі бойынша, диспансерлік есепте 1132 адам тіркелген. Елімізде 180 мыңнан астам адам.

Облыста катерлі ісіктен өлім көрсеткіші 100 мың адамға шаққанда 53,5-ті құрады (427 жағдай). Республикада 100 мың адамға шаққанда 76,0 (14060 жағдай), ал ауру көрсеткіші 100 мың адамға шаққанда 142,5 (ҚР – 100 мың адамға шаққанда 196,4).

Алайда, ерте сатысында анықталған ісіктерді емдеуге болады. Бүгінгі таңда катерлі ісік ауруының ерте диагностикасы жақсарғаны қуантады.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры азаматтарды міндетті медициналық сақтандыру аясында жылына бір рет әр

сактанушыға тегін тексеруден және кәсіби тексеруден өтуге шақырады.

Қазір елімізде ақысыз түрдегі скринингтің үш түрі бар: сүт безі катерлі



ісігі (40 жастан 70 жасқа дейінгі әйелдер үшін), колоректалды катерлі ісік (50 жастан 70 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер үшін), жатыр мойны обыры (30 жастан 70 жасқа дейінгі әйелдер үшін). Скрининг турғылықты немесе тіркелген жері бойынша емханада тегін жүргізіледі.

Қазақстанда онкологиялық аурулардың ең көп кездесетін түрлері – сүт безі, өкпе обыры, колоректалды обыр, жатыр мойны және асқазан обыры.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ облыс бойынша филиалдың халықты ақпараттандыру және өтініштерді қарау жөніндегі бөлімі.

Хабарлама

«ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (20-11) «Қызылқиян кенішіндегі №97 ұңғыманың аралық құбырын ауыстыру» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлады. Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі. Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

«Сыр бойы». «Қызылординские вести». «Ақмешіт апталығы». «Ақмешіт жастары» және аудандық басшыларға хабарландыру орналастырғының келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы бойынша «Сыр бойы» газетінің ардагері Қарыяға Байкешееваға жолдасы Серікбайдың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңілі айтады.

АБАЙ – 175

Ақын шығармашылығы арқау болды

А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде Абайдың 175 жылдығы аясында «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» атты концерт жүргізушілерінің облыстық конкурсы өтті. Оған Қызылорда қаласындағы жоғары және арнаулы орта оқу орындары мен аудандардан 23 таланткер қатысты.

Шараны облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен халық шығармашылығын дамыту және мәдени-просперлік орталығы ұйымдастырды. Әдеби музыкалық шарада ақын шығармалары кеңінен насихатталды. Ұлы ақынның өлеңдері мен кара сөздері оқылып, әндері орындалды. Хакім шығармаларының тағлымдық мазмұны тарқатылып, жалпы поэзияның сыр-сипатын тануға арқылы талантты жастарды концерт жүргізушілікке бейімдеуге көңіл бөлінді.

Нәтижесінде Абай өлеңдерін мәнерлеп оқып, сахналық ше-

берлігін таныта білген Шерхан Кәрібаев (Кармакшы ауданы) I орынды жеңіп алды. Өміржан Мінұаров (Шиели ауданы) II орынды, жалағаштық Жайна Дайрабайқызы және шиелілік Думан Сәбитов жүлделі III орындарды иеленсе, Жалағаш ауданынан Еркебулан Отар мен Қазалы ауданынан Нұрдаулет Ыбырай ынталандыру сыйлықтарына ие болды.

Айта кетейік, конкурс жеңімпаздары алдағы уақытта облыстық деңгейде өтетін шараларға қатысып, тәжірибесін жетілдіретін болады.

«СБ» ақпарат.

Абай – айна, одан өзімізді көреміз

Абай жолы халық рухының терең қойнауынан тәуелсіздік күресін жанаша жағастырып жана қуат таба білді. Ұлттық сана мен ақыл-ойының бұйрақанып, булығып жатқан жана қайнарын ашты. Әлемге айқара есік ашқан тәуелсіз Қазақстан өзінің ішкі-сыртқы саясатында ұлт ұстазының «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым» деп ізгілікті ұлағатын, ұстынды қағидатын басшылыққа алған. Осыған орай Түрік елінің ғұлама ғалымы Кадир Четиннің: «Ұлы ойшылдың кара сөздерін оқығанда қазақтардың тәуелсіздікке барар жолындағы соқпақ Абай тарапынан қаланғанын көрдім. Абай тәуелсіздікке апарар жолды әу бастан-ақ нұсқап көрсеткен» деп айтуы тектен-тек болмаса керек.

Өз ойымда жүрген абайтану жайлы бірлі-жарым пікірді оқырмандар назарына ұсынғым бар. Иә, Абайды зерттеу жағасында Бұл – мәңгілік тақырып, таусылмас рухани қазына. Демек, абайтану ғылымы, яғни, зерттеу жұмысы толассыз жүргізіле беруі керек. Қолыма түскен деректерге жүгінер болсам, абайтану бағытында 54 докторлық, 147 кандидаттық диссертация қорғалған екен. Бұл жұмыс одан әрі жалғасын таба береді деген сенімдеміз. Абай – айна, одан біз өзімізді

көреміз. Сондықтан хәкім тағалымын ұрпақ санасына жастайынан сіңіруіміз керек. Кеменгер жазушы Мұхтар Әуезовтің шығармасына «Абай жолы» деп ат қоюы тектен-тек болмаса керек.

Ұлы Абайдың аманаты бізге ауыр, десе де орындауымыз керек. Өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншек, бекер мал шашпақтықтан аулақ жүріп, ғылым мен білім іздеуіміз керек. Бүгіндері белең алған сымбайластықтан, данғойлықтан, жатыпшіерлікпен бойымызды аулақ ұстап, пайда емес ар-намысты ойлау керек. Ақын қазақты сынаған жоқ, қайта шыңдады. Оған өлеңдері мен кара сөздерін оқып отырып көз жеткізесіз. Өкініштісі сол, бүгінгі жастардың дені Абай жазбалары түгілі, М.Әуезовтің «Абай жолы» да оқымайды. Айтпағым, Ұлы Абайды алдымен өзіміз танымай, әлем танымайды.

Сөз соңында айтарым, Абай аманаты біздің жүрегімізге мәңгілікке жазылған. Оны мүлтіксіз орындау – бізге парыз.

Айнұр МАХАМБЕТОВА, қосымша білім беру, оқу-әдістемелік орталығының мұғалім-ұйымдастырушысы.

ФОРУМ

Жан қалауының жарқылы

Көмекке мұқтаж адамға ешқандай өтінішсіз, тапсырмасыз, бұйрықтан тыс өз еркімен көмектесу, жақсылық жасау, сол адамның ғана жағдайының онауына емес, тұтас мемлекеттің дамуын тигітей болса да ілгерілетуге ықпал етері сөзсіз. Әсіресе, бүгінде бұл істе өз азаматтық ұстанымы қалыптасқан жастар белсенділік танытып келеді.



Мемлекет басшысы 2020 жылды «Еріктілер жылы» деп жариялады. Мұндағы мақсат – еліміздің өркендеуіне, көркеюіне, дамуына шын жаны аштығын патриот жастарды тәрбиелеу. «Еріктілер қызметі туралы» арнайы заң бар. Олар



жеке тұлғаларға, кәсіпорындар мен компанияларға әлеуметтік топтарға көмек көрсетуді, қоршаған ортаны қорғауды көздейді. Сонымен бірге, жастардың бойында азаматтық ұстаным қалыптастырып, оларға әлеуметтік жауапкершілікті сезін-

«СБ» ақпарат.

ОЙЛАСУ

Трендке айналған тренинг

Қазір қай әлеуметтік желіге бас сұқсаңыз да, «Пәлен күні, сағат мұншада тренинг өткіземін. Өміріңізге өзгеріс әкеліңіз, бай болудың құпиясы мен табысты болудың тегіті осында!» деген жарнамадан көз сүрінеді. От ауызды, орақ тілді тренерлердің семинарынан табылуға асығатындар аз емес. Алайда, олардың барлығы осы тренингтен іздегенін таба ма, әлде ол уақытты текке жоғалту ма? Бұл үрдіс бізге қайдан келді? Трендтегі тақырыпты тарқатсақ.

Мәлідр ҚАЛЫМБЕТ.

Жалпы, мұндай тренерлер алғаш АҚШ-та пайда болған. Тренингтерде ірі корпорация басшылары кәсіпті ілгерілетудің кыр-сырын, неден қашық болып, неге жақын болу керектігін айтып, ара-жігін ажыратып берді. Осылайша, елді аузына қаратқан бизнес-тренерлердің абыройы асқақтады. Уақыт өте бұл үрдіс әлем бойынша таралды. Айта кету керек, ТМД елдеріндегі бизнес-тренингтер тарихының бастауы Дейл Карнегидің есімімен байланысты. 1990 жылдары жаппай қысқарту орын алып, жұрт жұмыссыз қалған уақытта Карнегидің кітаптары сатылымға шығып, бай болу, көшбасшы болу жолын жайып салған авторды жұрт жабыла оқыды. Кітапты сатып алғаннан кейін өзін жуық арада байып кететіндей сезінгенімен, күнделікті тірліктен арыла қойғаны аз. Дегенмен, бизнес-тренинг ұйымдастырушыларға деген сұраныс бәсеңдеген жоқ.

Қазірдің өзінде оған қатысуға ынталылар көп. Мәселен, елімізде қазір шамамен 200-ге жуық тренинг орталығы бар екен. Бұл тіркелгені ғана. Ақылы тренингтерге жүгіншілердің басым көпшілігі – жеке кәсіпке бет бұрғысы келетіндер. Бірақ, мұнда көбіне кәсіп ашудың алғышартын үйреткенімен, қиындыққа тап болғанда тығырықтан шығар жолды көрсетпейді.

Танымал PR модераторлар негізінен бизнес-тренерлердің 4 топқа бөлінетінін айтады. Олар – теоретик, философ, шоумен-тренер және практик-тренер. Теориктер білімді болғанымен, бизнес саласында тәжірибесіз. Оларға тек ақпарат таратушы ретінде қараған жөн. Философтар – қарым-қатынас-ты жоғары деңгейде менгерген психолог-тренерлер. Олар семинарда іліп аларлық ештеңе айтпауы мүмкін. Дегенмен, сіз оған, оның сізге деген жылы



ниетіне арбалып, келесі семинарына да қатысқыңыз келіп тұрады. Шоумендер халықты семинарға түрлі ұтыс ойындарын ұйымдастыру арқылы шақырса, практиктер – бизнесте тәжірибесі бар жандар. Олар – табысы мол компанияның президенттері. Мұндай практик-тренерлер сирек кездеседі. Себебі, табысқа жеткен адам өзгелерге өз байлығының құпиясын аша қоймауы мүмкін. Тіпті, олардың бизнес-тренинг өткізуге уақыты да бола бермейді.

– Айналасы бір-екі сағаттан ішінде кәсіпкерліктің кыр-сырын игеремін деп ойлау бос әурешілік. Қысқамерзімді тренингтердің мақсаты – оқыту емес. Ол тек адамға стимул беруді көздейді. Ал, қызыл сөзге шебер жандар қазір мұны өз пайдасына қолданып жүр. Бұл – табыс көзі. Бизнесестегі кәсіпті дүниелерді менгеру ұзын уақытты талап ететінін ұмытпау керек, сондықтан бизнестен хабары бар, кәсіп бастаудың, оны ілгерілетудің нақты технологиясын ұсынатын тре-

нерлерге жүгіну қажет, – дейді белгілі бизнес-тренер Айдос Аман.

Иә, қанша адам болса сонша пікір, сонша ұстаным бар. Ілімді кім қайдан, қалай жинайды, ақылы кімнен алады – әркімнің өз таңдауы. Бұл – біреуге ақша табудың жолы, енді біреуге пайдасы көп-көсір кенес болуы мүмкін. Дегенмен, мұндай адамның өзі әрекет етіп, еңбектенуге талпынбаса, ешбір тренинг те, мотиватор да көмекке келе алмайтынын ескерген дұрыс сияқты.

БӘРЕКЕЛДІ!

Жерлесіміз Рахат Бекболат Ташкентте өткен жастар арасындағы Азия чемпионатында әлемдік рекордты жаңартты. Ауыр атлет бұл жетістігімен 17 жасқа дейінгі жасөспірімдер мен 20 жасқа дейінгі жастар арасында Азия чемпионы атанып, Қазақстан құрамасының қоржынына тағы бір алтын салды.

Рахат рекорд жаңартты



Ол 102 келіге дейінгі салмақта сынға түсті. Серіле көтеруде 198 келіні бағындырып, коссайыс нәтижесінде 356 келі көрсеткішке қол жеткізді. 16 жастағы спортшы бағындырған шығар бұл салмақта әлі ершік жетпеген.

Рахат Бекболат өткен жылы Солтүстік Кореяның Пхеньян қаласында өткен Азия чемпионатында және Лас-Вегас-тағы Әлем чемпионатында алтын медаль иеленген. Жаңа жетістігін қосқанда зілтемірші

– екі дүркін Азия чемпионы. Жерлесімізден кейінгі орында ирандық спортшы Аболфазл Хакнур орналасты. Ол коссайыс нәтижесінде 342 келіні бағындырған. Ал үздік үштікті түйінде өзбекстандық Әзімджон Ходжиевке бұйырды.

Өзбекстан астанасында өткен байрақты бөсектегі елден 10 спортшы қатысты. Олардың ешбірі жүлдесіз қалмады. Құрама қоржынында 9 алтын, 2 күміс, 3 қола бар.

Туған жер – тұғырым!

Қазақтылықтың қаймағы бұзылмаған киелі өлкемізді мақтан тұтамын. Өзгелер байқаған әр кемшілігі мен үшін артықшылық болып көрінеді.

«Аманат», «серт» деген ұғымдардың бағасы жоғары. Бұл сөзге үлкен мән бар. Себебі, туған жер, ана тілі, бітім-болмыс – ата-бабадан бізге жеткен аманат. Оның қадіріне жету, келешегім кемел ету – бүгінгі буынның парызы. Аманатқа қиянат жасамай, жаманын жасырып, жақсылығын асырып, елдік пен еркіндікті туын желбірету – біздің азаматтық борышымыз.

Атамекенім қадір тұту ұлқа, нәсілге, діни көзқарасқа бөлінбейді. Оған деген махаббат – адамзатты ортақ ойға,

құндылыққа жетелейтін ерекше сезім. Сондықтан, туған жер – әрбір адам баласының өткен мен болашағын байланыстырар киелі мекен.

Мен де туған жерім, құтты қонысым, қасиетті Сыр елінің орталығы – Қызылорда қаласының өсіп-өркендеуіне, жайнап-гүлденуіне өз үлесімді қосуға ықыластымын. Туған қаламыздың жауһар шаһарға айналғанын қуәсі болу – басты арманым.

Жанболат ӨМІРЗАҚ, КМУ-дың студенті.